БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 242 (9560) | 1954 жылғы 7 декабрь Сейсенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тиын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

БАЯНДЫ БЕЙБІТШІЛІК, КОЛЛЕКТИВТІК ХАУІПСІЗДІК ҮШІН! Біздің ісіміз—әділ іс. Ленинградтықтар Москва Кеңесіне қатысушы елдер үкметтерінің Декларациясын қызу қуаттауда. Бейбітшілік соғысты жеңеді. (1-бет).

ХАЛЫҚ СУДЬЯЛЫҒЫНА КАНДИДАТТАР (1-бет).

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінен бұрын және жоғары сапалы өткізу жолындағы социалистік жарысты өрістетейік (2-бет).

Қазақстан КП обкомінде (2-бет).

«Союззаготтранс» шоферлары мен инженер-техник қызметкерлерін наградтау (2-бет).

**И. Киселев.** —Совет халық соты (2-бет).

ҚАЗАҚ ССР ПАВИЛЬОНЫ: Павильон директоры А. И. Жамдеркинмен әңгіме (3-бет).

ТРАКТОРЛАРДЫ ЖӨНДЕУ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ЖҮРГІЗІЛСІН: **Р. Уәлиев.**—Колхоз дәулетін арттыра беру үшін. **П. Токарев.**—Жөндеу жұмысына басшылық нашар (3-бет).

Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестріне 20 жыл (3-бет).

**В. Екимов.** —Қысқы спорт маусымы басталды (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Интернационалдықтардың игілікті бастамасына іспен жауап берейік

Социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде партиямыз бен үкметіміз белгілеп берген аса зор программаны ойдағыдай орындап шығу күресінде облыс еңбекшілері алдына әрі жауапты, әрі күрделі міндет қойылып отыр. Ол— алдағы жылы облыста мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлер игеріп, оны астық егуге пайдалану, егіннің барлық көлемінен тұрақты мол өнім алу, қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру, сөйтіп елімізге ауылшаруашылық өнімдерін мейлінше көп беру.

Міне, ауыл шаруашылығын өркендетудегі мұндай күрделі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын мерзімінде және сапалы жөндеудің маңызы ерекше зор. Өйткені, барлық ауылшаруашылық жұмыстарының мерзімінде, табысты атқарылуы, бүкіл егіс көлемінен нысаналы өнім алынып, мал шаруашылығының жедел өркендеуі ең алдымен машина-трактор паркінің біркелкі өнімді жұмыс істеуіне байланысты.

Газетіміздің бүгінгі номерінде Интернационал МТС-нің механизаторлары коллективінің Солтүстік Қазақстан облысының барлық тракторшылары мен мамандарына жазған Үндеуі жарияланып отыр. Өздерінің бұл Үндеуінде интернационалдықтар ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойылған міндеттерді орындауда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын кезінде сапалы жөндеудің зор маңызы бар екенін жете ескере отырып, облыс МТС-терінің барлық тракторшылары мен мамандарын тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын алдағы дала жұмыстарына мерзімінен бұрын және жоғары сапалы етіп жөндеу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырады.

Интернационал МТС-нің механизаторлары өткен жылы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын дала жұмыстарына сапалы әзірледі. Соның нәтижесінде МТС механизаторлары трактор жұмыстарының жылдық жоспарын осы жылдың 20 декабріне дейін 106,2 процент орындады. Мұнда үстіміздегі жылы өткен жылмен салыстырғанда әрбір 15 аттың күші бар трактормен жұмсақ жерге шаққанда 124 гектар жер артық жұмыстал-алайық. Мұнда төртінші тоқсанда жоспар бойынша 26 трактор жөнделуге тиіс болса, 1 декабрьге дейін бұл МТС-те небары екі-ақ трактор жөнделді. Трактор жөндеуде Асанов, Соколов, Шағлы, Приешім, Ново-Георгиев, Вильямс атындағы, Пушкин атындағы МТС-тер төзгісіз артта қалып қойды. Аталған МТС-терде күні осы уақытқа дейін трактор жөндеудің төртінші тоқсанға белгіленген жоспарының төрттен бірі де орындалған жоқ.

Тракторларды жөндеудің жайы облыс совхоздарында да нашар. Бұл жұмыс, әсіресе Қызыләскер, Тоқшын, Чистов, Возвышен, Қарағанды совхоздарында мейлінше баяу жүргізіліп отыр.

Аталған МТС-тер мен совхоздарда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің мұншалықты баяу жүргізілуінің ең басты себебі —оларда жөндеу жұмысына басшылық мейлінше нашар. Жөндеуші-механизаторлар арасында еңбек-тәртібі дұрыс жолға қойылмаған. Әрбір механизатордың жөндеу жұмысында сменалық норманы күн сайын толық және артығымен орындап отыруына қажетті жағдайлар жасалмаған. Тіпті жоғарыда аталған МТС-тер мен совхоздарда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде жүрген механизаторларға кезінде тапсырма белгілеп бермеу, оларды қажетті жөндеу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етпеу фактілеріне де жол беріліп отыр. Міне, бұл жағдай тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің күндік, бескүндік графиктерінің ұдайы орындалмай қалуына әкеліп соғып жүр.

Қазір жөндеу жұмысында әрбір сағат уақыт қымбат. Сондықтан МТС, совхоз басшылары және партия, кәсіподақ ұйымдары жөндеу жұмысында қазір орын алып отырған кемшіліктерді дереу жойып, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын алдағы жылдың дала жұмыстарына мерзімінде жоғары сапалы әзірленуіне барлық жағдайды жасауға тиіс.

Бұл үшін, Интернационал МТС-і механизаторлар коллективінің Үндеуінде көрсетілгендегідей, тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінен бұрын және сапалы аяқтау жолындағы социалистік жарысты кеңінен

# Баянды бейбітшілік, коллективтік хауіпсіздік үшін!

☆

## Ленинградтықтар Москва Кеңесіне қатысушы елдер үкметтерінің Декларациясын қызу қуаттауда

ЛЕНИНГРАД, 4 декабрь. (СОТА). Кеше кәсіпорындарында, мекемелерде және оқу орындарында европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің қорытындысына арналган митингтер болды.

Түскі үзіліс кезінде Сталин атындағы заводтың мыңдаған металшылары су турбина цехына жиналды. Бұл цехтан үстіміздегі жылы Куйбышев СЭС-нің құрылысшыларына алып су турбиналарының детальдары артылған жүздеген вагондар жөнелтілген болатын. Қазір мерзімінен бір ай бұрын дайындалған куйбышевтік жетінші машинаның көптеген тонна тораптары мен детальдары жөнелтілуге әзірленуде.

Бірінен кейін бірі электрмен болат балқытушы Сталиндік сыйлықтың лауреаты А. Сидоров, Сталиндік сыйлықтың лауреаты инженер А. Колотилов, жас жұмысшы әйел А. Войнева сөз алып сөйледі. Олар кеңеске қатысушы үкметтердің Декларациясын қолдай отырып, Америка Құрама Штаттары мен басқа да кейбір мемлекеттер империалистердің герман милитаризмін қайта тудыруға бағытталған тіміскіленушіліктерін қатты ызамен айыптады.

Заводтың таңдаулы жұмысшысы А. Дмитриев Декларацияны шын көңілмен құттықтап былай деді:

Біздің заводтан шыққан бу және гидравликалық турбиналар совет жерінің барлық бұрыштарында да іске қосылуда. Олар біздің адамдарымызға жарық пен жылылық береді, жаңа үйлер мен жаңа қалалар салуға, жаратылысты бағындыруға көмектеседі. Біз—адамдармыз, сондықтан да Совет Үкметінің бейбітшілік саясатын қолдаймыз, өз күшімізге және бейбітшілік ісінің дұрыстығына сенеміз.

Ленинград еңбекшілері жиналыстар мен митингтерде бірауыздан қабылданған қарарларда өздерінің алдағы уақытта да бейбітшілік ісі мен халықтардың хауіпсіздігі үшін қажымастан табандылықпен күресетіндіктері жөнінде мәлімдеді.

☆

## Біздің ісіміз—әділ іс

Бейбітшілік! Бүкіл дүние жүзі халықтарының көкейтесті арманы болған бұл сөздің аса қасиетті, аса қымбатты маңызы соңғы уақыттардың оқиғаларына байланысты бұрынғыдан да тереңдей, салмақтана түсті. Өйткені америкаи-ағылшын империалистерінің жаңа соғыс өртін тұтандыру мақсатымен жасаған Лондон және Париж келісімдері дүние жүзіндегі баянды бейбітшілікке аса зор хауіп төндірді. Батыс Германияның милитаристері мен кекшілдерін қайта қаруландыруды көздеген бұл келісімдердің шын мақсаты Европада соғыс өртін тұтандыру, Германияның бөлшектенуін ұзақ сақтау болып табылады. Ал соғыс апатының халықтар үшін қандай зор хауіпті екендігі түсінікті де. Сондықтан да өз елдері халықтарының бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен бейбітшілік сүйгіш елдердің үкметтері империалистердің бұл арам ниеттерін іске асыртпау үшін, қажет болған күнде бұл зұлымдық әрекетке қарсы шара қолдану үшін өздерінің берік бел байлап отырғандықтарын білдірді. Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесінің Декларациясы Европа халықтарының, сол сияқты бүкіл дүние жүзі халықтарының ұлттық мүддесін білдіретін документ болды.

Шындығында да баянды бейбітшіліксіз халықтардың бақытты өмірі мен сәулетті болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан бүкіл дүние жүзінің прогресшіл халықтары бұл Декларацияны ұлы тарихи оқиға, бейбітшілікті қорғау ісіне қосылған зор үлес деп қабылдауда. Совет халқы бейбітшілік мүддесін қорғайтын бұл Декларацияны қызу қолдаумен қатар, өз елінің хауіпсіздігі мен бейбітшілігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараның бәрін қолдануға, егер империалистер соғыс өртін тұтандырып, Ұлы Отанымызға тал беретін болса, оған өлтіре соққы беруге әзір екендігін айқын білдіруде.

Бүкіл совет халқы сияқты Петропавл қаласының еңбекшілері де Москва Кеңесінің Декларациясын қызу қуаттап, оны халықтардың бейбітшілік үшін күресі ісіне қосылған жаңа үлес деп бағалауда. Со-

Қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі өздерінің Москва Кеңесінің қорытындысына арналған митингісінде Совет Үкметінің инициативасымен шақырылған европалық елдер Кеңесінің Декларациясын бірауыздан қызу қолдады.

—Біздің еліміз дүние жүзінде баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді,— деді фабриканың кәсіподақ комитетінің председателі Незнаева жолдас. —Сондықтан да Совет Үкметінің бейбітшілік саясаты бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің қызу қолдауына ие болып отыр. Бейбітшіліктің жаулары жаңа соғыс өртін тұтандыру үшін қаншалықты жанталасса да Совет Одағы бастаған демократиялық лагерьдің күштері олардың зұлымдық ниеттерін іске асыртпайды.

—Біз Москва Кеңесінің Декларациясын толығынан қуаттаймыз,— деді тігін мастері Александра Кононенко, — ол бізге, бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларына бейбітшілікті сақтаудың жолын көрсетеді.

Митингіде сөз сөйлеген жас тігінші Филиппова жолдас былай деді:

—Москва Кеңесінің Декларациясы халықтар арасындағы достықты нығайтуға, олардың арасындағы бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан да оны дүние жүзінің еңбекшілері бірауыздан қызу қолдауда. Өйткені Европаның шын мағнадағы бейбітшілігін тек коллективтік хауіпсіздік жүйесін құру арқылы ғана қамтамасыз етуге болады.

Мінбеде цех бастығы Панина жолдас.

—Біз, —деп мәлімдеді ол, —бейбітшілік сүйгіш халықпыз. Біз өзіміздің өміріміздің одан әрі гүлденуі үшін еңбек етеміз. Егер империалистер соғыс өртін тұтандырар болса совет халқы оларға күйрете соққы беруге дайын. Мұны бейбітшіліктің қас жаулары біліп қойсын.

Митингіде сөз сөйлеген жұмысшылар Москва Кеңесінің Декларациясы бейбітшілік сүйгіш халықтардың қызу қолдауына ие болып отырғандығын айтты. Олар Ұлы Отанымыздың экономикалық күш-қуаты мен қорғанымпаздық қабілетін арттыра

☆

## Бейбітшілік соғысты жеңеді!

Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесі Қазақстанның барлық еңбекшілерінің зор назарын аударды. Қазақстандықтар бүкіл совет халқы сияқты бейбітшілікті сақтаудың дұрыс жолын белгілеген Москва Кеңесіне қатысқан мемлекеттердің Декларациясын қызу құттықтап және қуаттап отыр.

...Өскемен қорғасын заводы. Механикалық цехқа мыңға жуық металшылар жиналды. Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесі жұмысының аяқталуына, кеңеске қатысқан үкметтердің қорытынды мәжлісі және Декларациясына арналған митинг қалалық партия комитетінің секретары Пизиков жолдастың хабарымен басталды.

Электр арқылы құю цехының озат сменасының бастығы Колесников жолдасқа сөз берілді.

—Бейбітшіліктің жаулары біліп қойсын,—деп мәлімдеді ол,—Өскеменнің металшылары біздің Отанымыздың, барлық бостандық сүйгіш халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қанша металл керек болса, елімізге сонша металл береді. Біздің цехтың коллективі маған үстіміздегі жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындайтындығына сіздерді сендіруді тапсырды.

Жоғары балқыту цехының жұмысшысы Фатеева жолдас сөз сөйледі.

—Москва Кеңесіне қатысқандар,—деді ол, —Европада бейбітшілікті нығайтуға бағытталған Декларация қабылдады. Біздің бейбіт сүйгіш халқымыз шексіз күйзеушілік пен бүліншілікке және өлімге ұшырататын соғысты көргісі келмейді. Соғыс өртін тұтандырушылар агрессияшыл Герман мемлекетін қайта құруға тырысуда. Будан ештеңе шықпайды. Біз, Өскемен қорғасын заводының жұмысшы әйелдері барлық совет әйелдерімен бірге өзіміздің күшімізді бейбітшілікті сақтау жолына жұмсаймыз.

Түрксибтің теміржолшылары Москвада қол қойған Декларацияны бірауыздан мақұлдады. Магистраль басқармасы кол-

1955 жылы трактор жұмыстарының көлемінің ұлғаюына байланысты техника қуатын тиімді пайдалануды, ішкі резервтерді іске толық қосуды көздеп, МТС механизаторлары трактор жөндеудің төртінші тоқсанға белгіленген жоспарын үстіміздегі жылдың 10 декабріне дейін орындауға, 1955 жылдың 1 январына дейін жоспардан тыс 6 трактор жөндеуге, ал қолда бар барлық тракторларды жөндеуді келесі жылдың 1 мартына дейін, ауылшаруашылық тіркеу сайманларын жөндеуді —15 мартқа дейін аяқтауға міндеттенді.

Жөндеу жұмысына жақсы әзірленіп, оған уақытылы кіріскен Интернационал МТС-нің механизаторлар коллективі жөндеу мастерскойында еңбекті дұрыс ұйымдастыру, ішкі мүмкіншіліктерді тиімді пайдалану нәтижесінде осы жылдың 1 декабріне дейін 24 трактор жөндеп, төртінші тоқсанның жоспарын 70,5 процент орындады. Сол сияқты комбайн жөндеудің тоқсандық жоспары 85 процент орындалды. Жер өңдейтін тіркеме сайманларды жөндеу де ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді.

Интернационалдықтардың іс үлгісі облыс МТС-терінде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын мерзімінде, жоғары сапалы етіп жөндеуге күш-мүмкіншіліктің жеткілікті екендігін көрсетеді. МТС басшылары, партия, кәсіподақ ұйымдары Интернационал МТС-нің механизаторлар коллективінің тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын мерзімінен бұрын және сапалы жөндеу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырған игілікті бастамасына барлық тракторшылар мен мамандардың іспен жауап беріп, келесі жылдың ауылшаруашылық жұмыстарына техникалық барлық жағынан сапалы әзірленуін қамтамасыз етуге міндетті.

Атап айту керек, облыстың көптеген МТС-терінде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу ісі осы уақытқа дейін тыңғылықты ұйымдастырылмай келеді. МТС-тердің көпшілігінде дерлік жөндеу жұмысының бескүндік графигі үнемі орындалмай қалып отыр. Мысалға Октябрь ауданындағы Семиполка МТС-ін

лық жасап отыру қажет.

Жөндеу жұмысында еңбек өнімділігін арттыруда, техниканы дала жұмыстарына барлық жағынан үлгілі әзірлеуде тораптық әдісті өндіріске дұрыс енгізудің маңызы ерекше зор. Сондықтан механизаторлардың тракторларды, сондай-ақ ауылшаруашылық машиналарын тораптық әдіспен жөндеуіне барлық жағдайды жасап, олардың сменалық тапсырмаларын үнемі толық және артығымен орындауына жетісу басты міндет болып табылады. Әрбір МТС-те, совхозда механизаторлар жұмыспен және жөндеу ісіне қажетті құрал-жабдықтармен кезінде, жеткілікті қамтамасыз етіліп отыруға тиіс.

Интернационалдықтардың Үндеуінде тракторшылар мен трактор бригадалары бригадирлерінің мамандығын арттыру мақсатымен 1955 жылдың 1 январынан бастап МТС жанынан механизаторлар курсы ұйымдастырылатыны, онда оқыған механизаторлар әртүрлі мамандық: слесарь, токарь, мыс қорытушылар мамандығын алатындығы айтылған. Техниканы дала жұмыстарына жақсы әзірлеуде және оның қуатын толық пайдалануда мұндай курстар үлкен роль атқарады. Олай болса, мұндай курстарды барлық МТС-тердің жанынан ұйымдастыратын болу керек.

Интернационал МТС-нің механизаторлары, мұнымен бірге, қосалқы бөлшектерді дұрыс, ұқыпты пайдалану, жекелеген бөлшектерді МТС мастерскойының өзінде дайындау, еңбек өнімділігін үнемі арттыру есебінен техниканы жөндеудің өзіндік құнын 10 процент кемітуге міндеттенді. Облыстың МТС-тері мен совхоздарының директорлары, партия, кәсіподақ ұйымдары жөндеу жұмыстарында озат әдістердің кеңінен қолданылуын ұйымдастырып, еңбек өнімділігінің еселеп арттырылуына, техниканы жөндеудің өзіндік құнының кемітілуіне баса назар аударуға тиіс.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын әрі тез, әрі сапалы жөндеу, оларды алдағы жылдың ауылшаруашылық жұмыстарына барлық жағынан сапалы әзірлеуге жетісу —облыс механизаторларының бүгін таңдағы ең басты міндеті болып табылады.

## В. И. Ленинге ескерткіш ашылды

УЛЬЯНОВСК, 5 декабрь. (СОТА). Бүгін қаланың вокзал алдындағы алаңына Ульяновскінің мыңдаған еңбекшілері, студенттері, мектеп оқушылары жиналды. Мұнда Коммунистік партияны құрған совет мемлекетін орнатушы кеменгер В. И. Ленинге орнатылған ескерткіш салтанатпен ашылды. Владимир Ильичтің гимназияда оқыған жылдардағы кескінін бейнелейтін скульптура қызыл граниттен қашап жасалған. Ескерткіш жобасының авторы Сталиндік сыйлықтың лауреаты скульптор В. Цигаль.

Ескерткіштің іргесіне веноктар және гүл шоқтары қойылды.

### Металшылардың жарысы

ӨСКЕМЕН. (КазТАГ). Шығыс Қазақстанның металшылары москвалықтардың үлгісімен бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысты өрістетуде. Лениногор қорғасын заводының коллективі онбір айдың жоспарын асыра орындады. Спектель цехынша Сидоров пен Федеңюктің бригадалары мыс қорытушыларға тек қана мінсіз сапалы агломерат бере бастады.

Кәсіпорындарында отражение пештеріндегі шлак әдетте шойын науалар арқылы шығарылатын, ал бұл науалар қатардан тез шығып қалатын. Бригадир Хуснутдинов шамот кірпіштермен футерленген темір науаларды пайдалануды ұсынды. Бұл ұсыныс науалардың пайдалану мерзімін едәуір ұзартып, агрегаттардың бос тұруын азайтуға мүмкіндік туғызды.

Ертіс мыс қорыту заводы онбір айдың жоспарын асыра орындады.

## Бейбітшілік пен жалпыға бірдей хауіпсіздіктің жолы

КИЕВ, 3 декабрь. (СОТА). Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі европалық елдердің Москва Кеңесі барлық украин халықтарының назарын аударды. Бейбітшілікті қорғау ісінің салтанат құратындығына бұлжымастан сенетін Киев еңбекшілері Кеңестің жұмысына зер салып бақылап отырды.

Кеңесте қабылданған Декларация туралы хабар әрбір завод пен институтке, әрбір құрылыстар мен мекемелерге тезінен таралды. Басқа да совет адамдары сияқты киевтіктер де бейбітшілік пен хауіпсіздіктің сенімді және айқын жолын көрсететін Москва Кеңесіне қатысушы мемлекеттердің Декларациясын қызу қуаттайтын құттықтайды, мақұлдайды және қолдайды.

Москвада қол қойылған Декларацияны Киев құрылысшылары да бірауыздан мақұлдауда. Жұмысшы құрылысшылардың митингісінде сөз сөйлеген қаладағы озат тас қалаушылардың бірі Ф. Кравчук былай деді:

—Біз үйінділер мен күлдердің арасынан Украинаның қалалары мен селоларын, туысқан Киевті, сүйкімді Крещатикті қалпына келтірдік. Совет адамдары электр станциялары мен фабрикаларды, тұрғын үйлерді, мектептерді, санаторийлерді, жаңа қалаларды салуда. Мұның бәрін де біз бейбіт өмір сүру үшін салудамыз.

Көп адамдар жиналған митингтер «Ленинская кузница», Сталин атындағы, «Красный экскаватор», «Большевик», «Точэлектроприбор» Горький атындағы заводтарда, фабрикаларда, құрылыс алаңдарында оқу орындарында, қаланың зерттеу мекемелерінде болды.

мәжкіленуіне жауап ретінде Отанымыздың қорғанымпаздық қуатын арттыра беруге, ол үшін еселеген қарқынмен еңбек етуге берік бел байлап отырғандықтарын білдірді.

арттыру үшін өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

Митингі Москва Кеңесінің Декларациясын бірауыздан қуаттайтын қарар қабылдады.

лективінің митингісінде кадрлар секторының бастығы Алипчиев былай деді.

...Біз Москва Кеңесіне қатысушылардың белгілеген шаралары агрессорлардың қанды жоспарларын жүзеге асырмайтынына, Европаның бейбіт сүйгіш мемлекеттерінің хауіпсіздігін сақтауға көмектесетініне сеніп отырмыз.

Москва Кеңесінде қабылданған Декларация туралы хабар Батыс Қазақстанның әрбір кәсіпорнына, оқу орнына, колхозы мен совхозына және МТС-іне тез тарады. Митингке 300-ден астам тың жерге қоныстанушылар жиналды. Бұлар—ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінде механизаторлар мамандығын игеріп жатқан адамдар. Москваның Сталин атындағы автозаводының бұрынғы жұмысшы әйелі, кәзір трактор бригадаларының бригадирлерін даярлайтын курстың тыңдаушысы Зоя Паршина мынаны мәлімдеді:

—Қазақстан мен Сибирьде миллиондаған гектар тың жерлерді игеру совет халқының әл-ауқатын онан әрі арттырудың жаңа қуатты негізі болып табылады. Біздің жоспарымыз—ұлы жоспар. Дүние жүзінде біздің коммунизм орнатуымызға бөгет жасайтын күш жоқ. Барлық бостандық сүйгіш халықтармен тығыз біргесе отырып, біз бейбітшілікті сақтап қаламыз.

Қазақстанның еңбекшілерінің жиналыстары мен митингілерінде бірауыздан қабылданған қарарларында халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қорғану үшін алдағы уақытта да өздерінің күштерін аямай күресетінін мәлімдеуде. Отанның қуаттылығын қажырлы еңбекпен нығайту— халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің сенімді тірегі—көп адамдар қатысқан митингтердің мінбелерінен айтылған ант үні сияқты бұл сөздер жұмысшылардың, ғалымдардың, жазушылар мен механизаторлардың — Қазақстанның барлық еңбекшілерінің Москва Кеңесіне қатысқан мемлекеттердің Декларациясын бірауыздан мақұлдағандықтарын білдіреді.

## Мақұлдаймыз, қуаттаймыз

Қаладағы шағын двигательдер заводының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Европа елдерінің Москва кеңесінің қорытындыларын, ол қабылдаған Декларацияны зор қуанышпен естіп білді. Олар Европада бейбітшілік пен хауіпсіздік ісін қамтамасыз ету жөнінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру үшін заводтың үлкен цехтарының біріне жиналды. Алғашқы сөзді бесінші бесжылдықтың озаты ұста Дүзбаев жолдас алды.

—Москва Кеңесінің Декларациясы бейбіт халықтардың еркін білдіреді, —деді ол.—Міне сондықтан да бұл тарихи документті біз шын жүректен қуаттаймыз. Кеңес қабылдаған Декларация бейбіт халықты соғыс хаупінен сақтандырады және Европада бейбітшілік пен хауіпсіздік ісінің салтанат етуінің жолдарын белгілеп берді. Ұста пресс цехының коллективі Отанымыздың күш-қуатын одан әрі нығайта беру үшін өнімді екі есе артық шығару жөнінде социалистік міндеттеме алады. Біздің қажырлы еңбегіміз соғыс өртін тұтандырушыларға соққы үстіне соққы болып табылады.

Механикалық цехтың жұмысшысы Манапов жолдас қызу сөз сөйлеп, Батыс Германияны қайта қаруландыруды көксеп отырған американ, ағылшын және француз империалистеріне ыза-кек білдірді. Париж келісімдері қарапайым халықтарды қанға бояуды, гитлершіл генералдардың аюандық істерін тағы да жүзеге асыруды көздейді. Совет Одағы бастаған демократиялық лагерьдің халықтары империалистік елдердің агрессиялық саясатының жүзеге асырылмауы үшін не керектің бәрін істейді.

—Егер империалистік елдердің армиясы біздің социалистік Отанымыздың хасиетті жеріне арам тұмсықтарын сұға қалса, онда оларға совет халқы, оның Қарулы Күштері екі-үш есе күйрете соққы беріп, басқыншылардың күлін көкке ұшырады,—деді Манапов жолдас.—Бұған Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің даналық басшылығы, совет халқының мызғымас бірлігі, бейбітшілік сүйгіш басқа елдердің халықтарымен тығыз ынтымағы кепіл.

Мұнан кейін сөз сөйлеген аға мастер Ямщиков, шлифовщик Клишин, құю цехының бастығы Ким және басқа жолдастар Европалық елдердің Москва Кеңесінде қабылдаған Декларацияны қызу қуаттап, завод жұмысшыларын Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасуға, сөйтіп Отанымыздың қорғампаздық күшін нығайта беруге шақырды. Москва Кеңесі, деді Ямщиков жолдас, Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шараларын белгілеп берді. Совет адамдары өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін ақырына дейін қорғап, соғыс өртін тұтандырушылардың зұлымдық саясатының жүзеге асырылуына жол бермейді.

Завод коллективінің жалпы жиналысы Москва Кеңесінің Декларациясын бірауыздан қуаттап, қарар қабылдады. Сонымен қатар жиналыс технологиялық процестерді онан әрі жақсарту, еңбектің озат әдістерін өндіріске батыл енгізу арқылы еліміздің халық шаруашылығына шағын двигательдерді көптеп беру жөнінде социалистік міндеттеме қабылдады.

## ХАЛЫҚ СУДЬЯЛЫҒЫНА ҚАНДИДАТТАР



СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) **В. Галныкина** (Петропавл қаласы); **И. Лобынцев** (Петропавл қаласы); **М. Сиченко** (Булаев); **Гусинский** (Булаев), және **Л. Грудністая** (Петропавл қаласы).

# Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінен бұрын және жоғары сапалы өткізу жолындағы социалистік жарысты өрістетейік

## Интернационал МТС-і механизаторлары коллективінің Солтүстік Қазақстан облысы МТС-терінің барлық тракторшылары мен мамандарына үндеуі

Коммунистік партия мен Совет үкметі белгілеп берген ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету программасын жүзеге асыра отырып, біз, Мамлют ауданындағы Интернационал МТС-нің механизаторлары 1954 жылы трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 20 октябрьге 106,2 процент етіп орындадық. 15 аттың күші бар әрбір трактормен жер жырту жұмсақ жерге айналдырғанда өткен жылғымен салыстырғанда 124 гектар артты. Станцияның таңдаулы тракторшылары Е. Полужеев, Л. Шаповалов, М. Юрин, Ю. Алексеев, Н. Пономарев маусымдық тапсырмаларын 150 процент орындады.

Станция коллективі техниканы пайдалануды жақсартуға еңалдымен машиналарды дала жұмыстарына жақсы әзірлеу, оларды дұрыс пайдалану арқасында жетісті. Бірақ бізде бұл үшін бар мүмкіншілік толық пайдаланылмады. Кейбір тракторлар сапасыз жөнделгендіктен жұмысты біркелкі істей алмады, көп реттерде техникалық жарамсыздықтан қатардан шығып қалып отырды. Алдыңғы қатарлы механизаторлардың қол жеткен табыстары МТС-те машина- трактор паркінің өнімділігін арттырудың қолда бар резервтерінің әлі іске қосылмай отырғандығын көрсетеді.

1955 жылы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда трактор жұмыстарының көлемі едәуір ұлғаяды. Станция коллективі техниканы пайдалануды едәуір жақсартуға, колхозшылармен ынтымақтаса отырып, барлық егіс алаңында мол өнім өсіруге, қоғамдық мал басын көбейтуге және оның өнімділігін арттыруға жетісуге тиіс. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін біз, еңалдымен, барлық тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын деркезінде және жоғары сапалы етіп жөндеуіміз қажет.

Станция коллективі техниканы жөндеудің басталуына үлкен әзірлік жұмыстарын жүргізді. Біз мастерскойды алдын-ала жөндеп, жылыттық, қосалқы бөлшектерді, жөндеу жабдықтарын қажетті мөлшерде тасып алдық және оны орнаттық. Станцияның дирекциясы, партия және кәсіподақ ұйымдары, сол сықты, жөндеушілер үшін жақсы мәдени- тұрмыс жағдайын туғызу жөнінде де қамқорлық жасады.

МТС-те машиналарды жөндеу тағайындалған мерзімде —1 октябрьде басталды. Бұл уақытқа біз барлық жұмыс орындарын типті технологияға сәйкес мамандармен толықтырдық. Мастерскойда өндіріс мәдениетін көтеру, кадрларды дұрыс орналастыру және еңбекті жақсы ұйымдастыру нәтижесінде алғашқы күннен бастап станок жабдықтарының қуаты толық пайдаланылуда, жөндеушілердің еңбек өнімділігі артуда, бескүндіктен бескүндікке жөндеу жұмыстарының графигі артық орындалуда.

1 декабрьге дейін станция 24 трактор жөндеп, IV тоқсанның жөндеу жоспарын 70,5 процент орындады. Комбайн жөндеудің тоқсандық жоспары 85 процент орындалды. Сол сияқты жер өңдейтін тіркеу сайманларды дайындау да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Көптеген жөндеушілер, мәселен, слесарьлар Липков, Летковский, Бадер және басқалары күн сайын сменалық нормаларын біржарым- екі есе асыра орындайды.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді ойдағыдай және жоғары сапада өткізудегі өздерінің жауапкершілігін түсіне отырып, станция коллективі жұмысты техникалық дайындау жөніндегі тапсырмаларды күн сайын асыра орындайтындай етіп істеуді ұйғарды. Біз тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінен бұрын өткізу жолындағы социалистік жарысқа үштастық және өзімізге мынадай міндеттемелер алдық:

IV тоқсанның трактор жөндеу жоспарын (34 трактор) осы жылғы 10 декабрьде орындаймыз және 1955 жылғы 1 январьға жоспардан тыс 6 тракторды жөндеп шығарамыз;

барлық тракторларды жөндеуді 1955 жылғы 1 мартқа дейін, ал қолда бар барлық ауылшаруашылық тіркеу сайманларын жөндеуді 15 мартқа дейін аяқтаймыз, жөндеуді жоғары сапалы жүргіземіз;

қосалқы бөлшектерді дұрыс, ұқыптылықпен пайдалану, жеке бөлшектерді мастерскойда дайындау, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру есебінен техниканы жөндеудің өзіндік құнын 10 процент кемітеміз.

Тракторшылар мен трактор бригадалары бригадирлерінің мамандығын арттыру мақсатымен 1955 жылғы 1 январьдан бастап МТС жанынан курстар ұйымдастырамыз, оларда барлық механизаторлар бірнеше мамандықты: слесарь, токарь, мысшы мамандықтарын меңгеретін болады.

Мастерскойдың барлық жұмысшылары өздеріне нақтылы міндеттемелер қабылдады. МТС дирекциясы, кәсіподақ және партия ұйымдары социалистік жарысқа зор маңыз бере отырып, жөндеушілердің социалистік жарысының қорытындыларын үнемі шығарып отыратын болды.

МТС коллективі Солтүстік Қазақстан облысы МТС-терінің барлық қызметкерлерін тракторлар мен ауылшаруашылық тіркеу машиналарын жөндеуді ойдағыдай, жоғары сапалы өткізу жолындағы социалистік жарысқа үштасуға және оны кеңінен өрістетуге шақырады.

Үндеу Интернационал МТС-і коллективінің жалпы жиналысында қабылданған. Жиналыстың тапсыруы бойынша үндеуге қол қойғандар:

**Горохов**—МТС директоры, **Приходько**—партия ұйымының секретары, **Олейник** — жұмысшылар комитетінің председателі, **Довяковский** — бас инженер, **Губарев** — МТМ меңгерушісі, **Белогуров** —комсомол ұйымының секретары, **Кулинич** — участоктік механик, **Байдайов** — трактор бригадасының бригадирі, **Пономарев**— комбайншы, Социалистік Еңбек Ері, **Агапов** — тракторшы, **Патрышев** —тракторшы.

## ҚАЗАҚСТАН КП ОБКОМІНДЕ

### Интернационал МТС-і механизаторлары коллективінің Солтүстік Қазақстан облысы МТС-терінің барлық тракторшылары мен мамандарына үндеуі туралы

Қазақстан КП обкомінің бюросы Интернационал МТС-і механизаторлары коллективінің тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінен бұрын және жоғары сапалы өткізу туралы облыс МТС-терінің барлық тракторшыларына және мамандарына үндеуін қолдады.

Қазақстан КП обкомінің бюросы аудандық партия комитеттерін, МТС- тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдарын Интернационал МТС коллективінің үндеуін МТС және совхоз жұмысшыларының, мамандарының жалпы жиналысында талқылауға және ауылшаруашылық техникасын жөндеуді мерзімінен бұрын және жоғары сапалы өткізу үшін барлық шараларды қолдануға міндеттеді.

Облыстық және аудандық газеттердің редакцияларына, радио хабарларының облыстық редакциясына газеттерде және радио хабарларында МТС және совхоз механизаторларының тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінен бұрын және жоғары сапалы өткізу жолындағы социалистік жарысының барысын үнемі жазып, хабарлап отыру ұсынылды.



Петропавлдағы тігін фабрикасының үшінші цехы ауыл- селолық жерлерден түскен заказдарды орындайды. Мұнда кәзір ер адамдардың көйлектерін тігу жаппай жүргізілуде. СУРЕТТЕ: цех мастері **В. Фомина** (алдыңғы қатарда) мен **И. Сидоркина** тігілген бұйымдарды жөнелтуге дайындау үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

## Құрылыстық қамыс дайындау

Ленин атындағы ауылшаруашылық артелі —мал қораларын қамыстан салу ісіне белсене кіріскендердің бірі. Онда өткен жазда 60 бас жылқы тұратын бір қора салынған болатын. Колхозшылар құрылыс үстінде жұмыстың ең ауыры және бастысы қамыс дайындау екенін байқады. Өйткені жаз су үстінде қамыс шабу үлкен қыйындықтар келтірді. Бұл жөнінде қамыстан қора салудың осы колхоздағы инициаторы Фролов жолдас былай дейді:

—Қамыстан қора салудағы ең ауыр жұмыс —қамыс дайындау. Жазды күндерде оны шабу да, алып шығу да өте қыйын. Сондықтан мұны мұз қатқан кезде жүргізу қажет. Бұл құрылыстық қамыс материалдарын көптеп дайындауға мүмкіндік жасайды және еңбек аз кетеді.

Мұнда колхоз мүшелері қыс құрылыс үшін қамыс әзірлеу ісіне жаппай кіріскен. Кәзір колхозда 100 текшеметрге жуық қамыс дайындалған. Колхоз басқармасы қар қалыңдамай тұрып, шаруашылыққа қажетті жергілікті құрылыс материалдарын толық әзір ету үшін көптеген шаралар белгіледі.

Жаз қамыстан мал қораларын салу ісін кең жүргізу үшін ауданның басқа колхоздары да игілікті әзірліктер жасауда. Мысалы, «Путь к коммунизму» колхозында 85 текшеметр қамыс, Молотов атындағы колхозда 100 текшеметр қамыс әзір. Ал Буденный атындағы колхозда алдағы жылғы құрылысқа арналған 400

# „Союззаготтранс" шоферлары мен инженер-техник қызметкерлерін нградтау

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1954 жылдың егінінен дайындау пункттеріне астық тасуда жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін «Союззаготтранстың» Қазақ республикасы бөлімшесінің шоферлары мен инженер- техник қызметкерлерінің үлкен біртобын Жоғарғы Советтің грамотасымен наградтады.

## Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

**Александров** Георгий Иванович —Преснов автоторотасының шофері.

**Басюк** Николай Никифорович — Боголюбово автоторотасының шофері.

**Естченко** Виктор Степанович —Петропавл автоторотасының шофері.

**Ветров** Кузьма Сергеевич — Преснов автоторотасының мастерской меңгерушісі.

**Винников** Иван Антонович —Петропавл автоторотасының шофері.

**Власов** Алексей Семенович — Ленин автоторотасының ұстасы.

**Воронкин** Макар Александрович —Петропавл автоторотасының ұстасы.

**Войтенко** Иван Прокопьевич— Преснов автоторотасының ұстасы.

**Гавриш** Григорий Яковлевич — Ленин автоторотасының ұстасы.

**Говорушко** Иван Анисимович —Петропавл автоторотасының шофері.

**Головань** Иван Авсеевич— Боголюбово автоторотасының шофері.

**Гуржеев** Евгений Федорович — Петропавл автоторотасының газосварщигі.

**Густунов** Кондратий Григорьевич — Преснов автоторотасының шофері.

**Гущин** Федор Семенович —Қызылы автоторотасының шофері.

**Дьяконов** Федор Иванович — Октябрь автоторотасының слесарі.

**Евсеев** Георгий Григорьевич —Преснов автоторотасының майлаушысы.

**Ерлыченко** Сергей Фролович — Қызылы автоторотасының шофері.

**Иголкин** Павел Аркадьевич — Қызылы автоторотасының шофері.

**Ишков** Илья Ефимович —Преснов автоторотасының шофері.

**Кадников** Петр Антонович — Октябрь автоторотасының шофері.

**Карпусь** Василий Калинович —Преснов автоторотасының шофері.

**Карцунин** Владимир Павлович —Октябрь автоторотасының ұстасы.

**Качапов** Иван Дементьевич — Қызылы автоторотасының шофері.

**Кривоносов** Александр Дмитриевич — Қызылы автоторотасының шофері.

**Лузин** Сергей Степанович —Петропавл автоторотасының мастерской меңгерушісі.

**Лю Бон-Сен**—Ленин автоторотасының шофері.

**Марченко** Иван Федотович — Преснов автоторотасының шофері.

**Орловский** Николай Прокопьевич —Боголюбово автоторотасының шофері.

**Перекулимов** Григорий Андреевич — Петропавл автоторотасының ағаш шебері.

**Першин** Анатолий Федорович —Преснов автоторотасының шофері.

**Полицин** Петр Алексеевич —Ленин автоторотасының шофері.

**Попов** Арсентий Александрович — Петропавл автоторотасының қаңылтыршысы.

**Потуданский** Михаил Маркович—Ленин автоторотасының шофері.

**Радченко** Петр Григорьевич — Ленин автоторотасының слесарі.

**Сидоров** Сергей Романович—Боголюбово автоторотасының шофері.

**Сидоров** Петр Михайлович —Қызылы автоторотасының шофері.

**Смирнов** Петр Иванович —Преснов автоторотасының шофері.

**Солоненко** Евгений Нефедович —Преснов автоторотасының слесарі.

**Стогнеев** Иван Николаевич —Петропавл автоторотасының шофері.

**Счетчиков** Валентин Андреевич —Қызылы автоторотасының шофері.

**Сысоев** Василий Филиппович—Октябрь автоторотасының шофері.

**Тодер** Степан Федорович— Ленин автоторотасының ағаш шебері.

**Турупцев** Михаил Васильевич— Ленин автоторотасының слесарі.

**Тютюник** Александр Андреевич —Қызылы автоторотасының шофері.

**Умрихин** Никита Семенович —Преснов автоторотасының шофері.

**Хлабыстов** Николай Васильевич — Петропавл автоторотасының шофері.

**Чернигин** Дмитрий Алексеевич —Преснов автоторотасының слесарі.

**Шостак** Николай Ильич —Қызылы автоторотасының шофері.

## Киров атындағы колхозда

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Бұл колхоз әуелі «Беднота» деп аталды. Онда Ивановка селосындағы нағыз кедей шаруалар артель болып бірікті. 1934 жылы сентябрьде ивановкалық колхозшыларға С. М. Киров келді.

Бұл жерде көптен бері тұратын Андрей Никитович Скидан Сергей Мироновичтің шаруалармен өткізген ұмытылмас әңгімелері туралы айтады. Киров шаруа-

Кәзір Көкшетау ауданындағы Киров атындағы ауылшаруашылық артелі—алуан салалы ірі шаруашылық. Өндірістің барлық негізгі процестері —жер жырту, тұқым себу, егін жыйнау мұнда толығынан механикаландырылған. 20 жылдың ішінде егіс көлемі негізінен тың жерлерді игеру есебінен 10 есе ұлғайды, ал мал саны бес есе көбейді. Дәнді дақылдардың

## РЕСПУБЛИКАНЫҢ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Қостанайдың аяқкиім фабрикасында бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс кеңінен өрістеуде. Ноябрьдің программасы мерзімінен бұрын орындалды. Өнімнің жоспар бойынша 80 проценті орнына, 85 проценті бірінші сортпен шығарылды. Онүш бригада мінсіз сапалы жұмыс істейтін бригада деген құрметті атаққа ие болды.

Москвалықтардың үндеуіне жауап ретінде фабрика қызметкерлері бесжылдық программаны Октябрьдің 38 жылдығына аяқтап, бесжылдықтың аяғына дейін жоспардан тыс 60 мың пар аяқкиім шығаруға міндеттеме алды.

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Каспий теңізінің жағасында көп қамыс өседі. Облыстағы жергілікті өнеркәсіп орындары қамыстан 2 мың буда және 50 мың шаршыметр қалқандар жасады. Колхоздар бұл құрылыс материалынан қой қораларын салады. Облыстық жергілікті өнеркәсіп қамыс будаларын шығаратын үш жаңа завод сала бастады.

## Колхоз шаруашылығының барлық саласы да мол табыс береді

ВАННОВКА (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Түлкібас ауданының облыстағы аса ірі «Победа» колхозы ауыл шаруашылық жылының алғашқы қорытындыларын шығарды. Шаруашылықтың барлық саласынан мол табыс алынды. Сыйырларға берілетін азық мөлшеріне көптеген балғын жемшөп қосудың, сыйырларды тәулік бойына жайып бағуды ұйымдастырудың, жемшөпті малға берерде булап, өңдеудің және сыйырларды төрт рет саудың нәтижесінде мал шаруашылығының өнімділігі мықтап артты. Сүт өткен жылға қарағанда әрбір сыйырдан 500 килограмм артық сауылды. Сауыншы Анна Смирнова өзіне бекітіп берілген 12 сыйырдың әрқайсысынан 3.200 килограмнан сүт сауды. Шаруашылықта малды жайып семірту және бордақылау жақсы жолға қойылған. Быйыл мемлекетке шошқа, қой және сыйыр малы тек қана семіз қоңды күйінде тапсырылды. Мұның өзі колхоздың малшаруашылық өнімін тапсырудан түсетін табысын 1950 жылдағымен салыстырғанда үш есе арттырды.

Омарташылар мен жібек құртын өсірушілер тамаша табыстарға жетті. Николай Прицепаның звеносы ғана жоспарда белгіленген 425 килограмм орнына 1.250 килограмм пілле тапсырды.

300 гектарға жететін баулар мен жүзімдіктердің бүкіл көлемінде топырақты механикалық өңдеу кеңінен қолданылады, органикалық және минерал тыңайтқыштар енгізіледі. Мұның өзі мол өнім алынуын қамтамасыз етті.

Қоғамдық шаруашылықтың барлық салаларын шебер жүргізудің нәтижесінде колхоз жылдық табысын бесжылдықтың басынан бері 7 миллион сом арттырып, оны 10 миллион сомға дейін жеткізді.

...қамыс бар. Мұның барлығы Соколов ауданы колхоздарында алдағы жазда жаңадан көптеген қамыстан мал қораларын салуды қамтамасыз етеді.

**Р. ҚАСЕНОВ.**

## Үгіт пунктінде

Жуырда Киров атындағы колхоздың (Совет ауданы) үгіт пунктінде үгітшілер сайлаушыларға халық судьясы мен халық заседательдігіне кандидаттар болып тіркелген жолдастардың өмір баяндарын түсіндіріп берді. Тек бұл ғана емес, мұнда бұқаралық жұмыстың жан-жақты түрлері де өткізіліп тұрады. Үгітшілер сайлау жөніндегі материалдармен бірге сайлаушыларға газет хабарларын оқып отырады. Әсресе сайлаушылар өздеріне арнап үгітшілердің көркем әдебиет оқып бергеніне риза болуда. Мәселен, үгітші Эннс А. Фадеевтің «Жас гвардия» романын, үгітші Писаренко Г. Николаеваның «Орақ үстінде» романын, үгітші Семененко Г. Брянцевтің «Ара ұясының талқандалуы» атты шығармасын оқып берді.

**Қ. ЗІКІРИН.**

лардың күші коллективте, бұл кеңбайтақ далаларды жекелеп игеруге болмайды деп түсіндірді. Сергей Миронович коллективтік шаруашылықтың зор перспективаларын ашып, колхозшыларға ұйымдастыру жұмысында көмектесті. Колхозшылар Сергей Мироновичтің келу құрметіне өздерінің колхозын сол кездің өзінде-ақ Кировтың есімімен атады.

пен 8—10 центнер артты. Колхозшылар ауқатты тұрады.

Колхозшылар Сергей Мироновичті құрметпен есте сақтауда. Артельдің қарт мүшелері оның колхозда болуы туралы естеқалғандарын әңгімелейді, үгітшілер С. М. Кировтың өмірі мен қызметі туралы әңгімелер өткізеді.

## Ертістегі жаңа құрылыс жолдары

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Бұқтарма су электр станциясы Шығыс Қазақстанның таудағы адам бара алмайтын ауданында салынып жатыр. Орасан зор гидротехникалық жұмыстарды ойдағыдай жүргізу үшін жаңа құрылыстың коллективі жолдар жүйесін жасауда, бұл жолдар әртүрлі материалдар мен жабдықтардың жыл тәулігінің қай мерзімінде болса да үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Бұқтарманың су құрылысшылары өздерінің поселкесін облыс орталығымен және СЭС-тің негізгі құрылыстар участогімен кәзірдің өзінде байланыстырды. Болашақ су станциясының қақпағы жасалатын жерге баратын темір жол тармағы салынды, ол арқылы құрылыс материалдары тасылады. Жуырда Өскеменнен Серебрянкаға поездар жүре бастады.

Құрылысшылар поселкесі мен СЭС-тің қақпағы арасында Ертістің мұзы арқылы автомобиль қатынасын ұйымдастыру белгіленді. Жаңа құрылыстың өндірістік тылдарының бір бөлегі орналасқан Аблакеткамен су торабы құрылысшыларының жедел байланыс жасауы үшін аэрошаналар қолданылады.

# СОВЕТ ХАЛЫҚ СОТЫ

Совет мемлекеті қуатының үнемі арта беруі социалистік заңдылықтың нығайтылуымен тығыз байланысты. Социалистік заңдылықтың аса маңызды ерекшелігі сол, совет заңы бойынша азаматтарға берілетін барлық праволар совет қоғамында жүзеге асырылған және бұл праволар мемлекеттік үкметтің барлық күшімен қорғалады. Совет мемлекетінде бір азаматтар үшін міндетті түрде қолданылатын, ал екінші бір азаматтар үшін қолданылуы міндетті емес заңның болуы мүмкін емес.

Құл иеленушілік мемлекетте заң құл иеленушілердің мүдделерін көздеді, феодалдық мемлекетте феодалдардың мүдделерін көздеді, ал буржуазиялық мемлекетте ол билеуші топтың, жұмысшылар мен шаруаларды қаталдықпен қанаушы буржуазияның мүдделерін көздеп сол мүдделерді қорғайды. Капиталистік елдерде, заң жалпы теңдік деп бүркемеленетініне қарамастан, халыққа, еңбекшілер бұқарасына қарсы бағытталған.

«Құл иеленушілер дәуірінің «заңы» құл иелерінің құлдарды өлтіруіне рұқсат берген,—деп жазды И. В. Сталин. Крепостниктік тәртіптің «заңы» крепостниктердің крепостнойларды сатуына «ғана» рұқсат берген... Капиталистер тәртібінің «заңы» еңбекшілерді жұмыссыз қалдыруға, жоқшылыққа ұрындырып, күйзелтуге, аштан өлтіруге «ғана» рұқсат етеді».

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін буржуазиялық демократия мен буржуазиялық заңдылық прогресшіл элементтерді барған сайын тағылықпен жазалаумен, коммунистік партиялардың басшыларын өлтіруді ұйымдастырумен және тұтқындаумен, ереуілдерді басып, тұншықтырумен сыйпатталып отыр. Империалистік билеп-төстеушілер бұл мақсаттар үшін сот орындарын өте епті пайдалануда. АҚШ Коммунистік партиясының басшыларын соттап, азаптау заңсыз әрекет пен террор қолданудың айқын белгісі болды.

Совет мемлекеті өзінің ұйымдастырушылық және басқарушылық ролін жүзеге асыра отырып, елімізде мемлекеттік, қоғамдық және мәдени-шаруашылық өмірдің барлық салаларында право тәртібі мен заңдылық орнатты, социалистік право тәртібін бұзып, социалистік қоғамның негіздерін бүлдіруге тырысушы адамдарды қатаң жазалайды. Бұл міндетті жүзеге асыруда совет соты зор роль атқарады.

В.И. Ленин айтқандай, ақша қапшығының малайы болып табылатын буржуазиялық соттан мүлде басқаша, совет соты социалистік мемлекеттің өркендеуінің барлық кезеңдерінде пролетариат диктатурасының қуатты құралы болып қызмет атқарып келеді. Оған өте жоғары және құрметті роль атқару—социалистік мемлекет мүдделері мен совет азаматтарының мызғымас праволарын барынша қорғау, ССРО-ның қоғамдық және мемлекеттік құрылысы мен шаруашылықтың социалистік системасының қырағы сақшысы болу жүктелген.

Совет соты шын мәніндегі халықтық сот болып табылады, дүние жүзіндегі басқа бірде-бір сот мұндай емес. Совет соты халықтың заң жүзінде баян етілген еркін жүзеге асырып, халыққа қызмет етеді. Біздің елімізде бүкіл сот системасы шын мәнінде демократиялық негізде, судьяларды сайлау және өздерінің жұмысында тәуелсіз болу принциптеріне негізделіп құрылады. Соттың тәуелсіздігі сот үкімдері мен қарарларының әділеттілігін, олардың беделділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

ССРО Конституциясының 112-нші статьясы мен ССР Одағының, одақтас және автономиялы республикалардың сот құрылысы туралы заңның 6-ншы статьясы «судьялар тәуелсіз болады және тек заңға ғана бағынады» деп көрсетеді. Ешкімнің де ешқандай жергілікті органның, қандай жоғары қызмет атқаратындығына қарамастан, бірде-бір қызметкердің соттың жұмысына, оның қарайтын ісінің шешілуіне араласуға правосы жоқ.

Судьяның тәуелсіздігі оның ерекше жағдайда болуымен қамтамасыз етіледі: судьяны қызметтен босатуға ешкімнің де правосы жоқ, егер судья сайлаушылардың сенімін ақтай алмаса, өзінің міндеттерін атқара алмаса оны тек сайлаушылар ғана шақырып алып босата алады.

Совет елінде халық судьясы болып, немесе халық заседательдігіне сайлау үшін заң білім жөнінен де, мүлік жөнінен де немесе басқа шарт қоймайды. Ең басты шарт—адал қажырлы еңбек істеумен және қоғамдық қызметпен халықтың сеніміне ие болу. Сайлау правосы бар және сайлау күніне дейін 23 жасқа толған сотталмаған адамдардан басқа, әрбір совет азаматы жынысына, ұлтына және біліміне қарамастан халық судьясы және халық заседателі болып сайлана алады.

18 жасқа толған, сайлау правосы бар және тізім жасалған кезде сол территорияда тұратын барлық азаматтар сайлаушылар тізіміне енгізіледі. Тізімге енгізілгенде сайланушының нәсілі мен ұлты, діні, білімі әлеуметтік тегі, мүлік жағдайы жөнінде ешқандай шек қойылмайды.

Сайлауды өткізу үшін сайлау округтері құрылады. Бұл округтердің әрқайсысында бір халық судьясы және 50-75 халық заседательдері сайланады.

Халық судьясы мен халық заседательдігіне кандидаттарды қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдары ұсынады. Кандидатты ұсынған әрбір ұйымға, сондай-ақ әрбір азаматқа өздері ұсынған кандидатты жақтап жыйналыстарда, баспасөзде және басқа жолдармен ешқандай бөгетсіз үгіт жүргізу правосы беріледі.

Халық соттарының сайлауына жүздеген мың азаматтар қатысады. Сайлауға қатысудың өзі олардың саяси және праволық сана-сезімін саяси шаруашылық және мәдени міндеттердің маңызын жете түсіну саналылығын арттырады, ол міндеттерді жүзеге асыруға пролетариат диктатурасының басқа органдарымен қатар советтік халық соты да көмектеседі.

Капиталистік елдердегі істің жайы мүлдем басқаша. Мұнда, әдетте, судьялар сайланбайды, тағайындалады. Мысалы, Англияда судьяны король тағайындаса, Америка Құрама Штаттарында судьяны сенатпен келісіп президент тағайындайды. АҚШ-тың бірқатар штаттарында сот жартылай комерциялық орын болып табылады, өйткені судьяның жалақысы оның қараған сот істерінің санына байланысты болады, мұның өзінде ақтау жөнінде үкім шығарылған іс бойынша ақыны кем төлеу белгіленген. Көп реттерде сот орындарындағы қызметті сатып алуға және сатуға болады. Әлбетте, мұндай соттар өз қожаларының — капиталистердің айтқанын екі етпей орындайды, билеуші таптың мүдделерін қорғап еңбекшілерді жаншып басуда олардың қолындағы құралы болады.

Буржуазия халықты сот қызметіне қатыстырудан қорқады. Мысалы, Англияда жері немесе жылына белгілі бір мөлшерде табыс кіргізетін үйі бар немесе ең болмағанда кемінде 15 терезелі пәтер үйі бар адамдар ғана қосшы би бола алады. Мұндай жағдайларда қосшы билер, әдетте, ірі және орташа буржуазияның өкілдері болатыны әбден түсінікті.

Революцияға дейін Қазақстанда екі сот системасы—жалпы империалық соттар,—сот істерін империядағы жалпы заңдар негізінде шешетін мировой судьялар, земство бастықтары, округтік соттар және басқалары және билердің соты болды. Билердің соты үш сатыдан: жеке судья биден, билердің волостық съезінен және билердің төтенше съезінен құралды. Бұл сот қазақтың әдет- ғұрып негізінде және шариғатқа сүйене отырып, ұсақ істерді қарады.

Революцияға дейінгі Қазақстанда болған сот системасының екеуі де қанаушылардың құралы болып, қазақ еңбекшілерін экономикалық және саяси қанаудың міндеттерін орындады. Мысалы, қазақтың әдет-ғұрып бойынша семьялық-неке қатынастарын реттейтін патриархалдық-феодалдық қатынастар мен ру салтының сарқыншақтарын бейнелеп, семья басшысының шексіз үстемдігін және әйелдер мен балалардың мүлдем правосыз болуын, көп әйел алуды, тағы басқаларын заң етіп бекітті.

Буржуазиялық соттың озбырлығы мен заңсыз әрекеттеріне қарама-қарсы советтік әділ соттың игілікті міндеттері ерекше айқын. Социалистік мемлекеттің мүдделерін қорғап, заңды бұзушыларды қатал жазалап, совет соты өте маңызды тәрбиелік міндет атқарады. Ол совет азаматтарын советтік патриотизм және революциялық қырағылық рухында, социалистік заңдылық пен социалистік тұрмыс ережелерін дәл және мүлтіксіз орындау рухында тәрбиелеп, буржуазиялық идеологияның сарқыншақтарына қарсы бітіспес күрес жүргізеді.

Осыған байланысты совет сотының ашық өткізілуінің істерді жұрттың алдында ашық қараудың айрықша зор маңызы бар. Өзінің жұмысын ашық, жұрттан жасырмай жүргізіп, халық соты еңбекшілерді совет заңын құрметтеу сезімінде тәрбиелеп, олардағы советтік әділ сот мемлекеттің мүдделерін, совет азаматтарының праволары мен мүдделерін табандылықпен қорғайды деген сенімді күшейте түседі.

Халық соттарында іс әдетте судьяның барлық праволарымен пайдаланатын халық заседательдерінің қатысуымен қаралады. Шахтадан, колхоздан, фабрикадан, заводтан, МТС-тен, мекемеден келген халық заседателі еңбекшілер қалың бұқарасының ой-пікірін жете біледі. Бұл оның өзіне және сот құрамына істің шын мәнісін неғұрлым жақсы және дұрыс түсініп, объективтілікпен шешуге көмектеседі. Мұнымен бірге халық заседательдері совет заңдарын, бұл заңдардың даналығы мен көрегендігін тамаша насихаттаушылар болып табылады.

Совет сотының барлық жұмысы еңбекшілердің тікелей қатысуымен және олардың тікелей бақылау жүргізуімен өткізіледі. Халық судьялары сайлаушылардың алдында мезгіл-мезгіл есеп беріп отыруға міндетті.

Советтік әділ соттың шын мәніндегі демократизмі ұлттардың толық тең праволылығында да бейнеленеді. ССРО Конституциясының 110-ыншы статьясы бойынша соттар істі одақтас, автономиялы республикалардың немесе автономиялы облыстың тілінде қарайды. Бірақ, егер айыпкер адам сот процесі жүргізілетін тілді білмейтін болса, онда оның ана тілінде сөйлеу және процестің барысымен де, сол сыяқты сот ісінің материалдарымен де аудармашы арқылы танысуға заң жүзінде кепілді берілген правосымен пайдаланады.

Советтік халық судьясы деген құрметті, әрі жауапты міндетті адал, принципшіл, саяси және заң жөнінде сауатты, коммунизм ісіне шексіз берілген, халықтың тұрмысын өте жақсы білетін және халықпен біте қайнасқан адамдарға ғана жүктеуге болады. Тек осындай адамдар ғана сотты халықтың атынан және халық мүдделерін көздеп жүргізе алады.

Совет судьясы халықтың сенімін жоғары бағалауға, Отан мен халыққа адал қызмет етудің, совет заңдарын мүлтіксіз орындаудың, моральдық жағынан кіршіксіз таза болудың және әдетті мінез-құлықтың үлгісі болуға міндетті.

Халық соттарының алдағы сайлауы—аса зор саяси науқан. Сайлау советтік сот жұмысының жақсаруына, оның еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланыстарының кеңейіп, нығайтылуына, социалистік заңдылық пен совет мемлекетінің күшейтілуіне көмектесетін болады.

**И. КИСЕЛЕВ.**

# Тракторларды жөндеу тыңғылықты жүргізілсін

☆

## КОЛХОЗ ДӘУЛЕТІН АРТТЫРА БЕРУ ҮШІН

Таң құланиектене бастаған кез. Жаңа түскен қар шымыр тартып, аяқ бассаң сықырлайтын болыпты.

Образцовая МТС-нің орталығы. Село тыныштығын тек тынымсыз соққан ызғарлы жел ғана бұзғандай. Осы бір тұнжырап тұрған таң мүлгуін кенет шыққан мотор гүрілдері «тұр- тұрға» алғандай сергітіп жіберді.

Бұл таңғы тыныштыққа қозғау салған Молотов атындағы ауылшаруашылық артеліне шөп тасуға бара жатқан Иван Порталов жолдас басқаратын бригаданың тракторшылары еді. «Колхозды-селоға ерте жетейік, жүрісті шапшандата түс»— деседі бір-біріне олар.

Бұл бригада Молотов атындағы колхозда маусым бойынша ауылшаруашылық жұмыстарының барлық түрлерін Октябрь революциясының 37 жылдығы қарсаңында 192 процент етіп орындап, МТС көлемінде озат көрсеткішке ие болды. Бригада шартты жырту есебімен 14398 гектар жер жұмыстады. Яғни әрбір 15 аттық күші бар трактормен 1292 гектар жер жұмысталды..

Бригада СОКП Орталық Комитетінің февраль- март Пленумы алға қойған — елімізде астық молшылығын жасау үшін және тыңайған жерлерді игеру міндетін де аброймен атқарды. Олар биыл 2600 гектардан астам тың және тыңайған жерлер игеріп, оларға кезеңді өңдеулер жасады. Колхоз басқармасы бұл жұмысталған жерлердің сапасын жоғары бағалады.

Механизаторлар егін егуді күнілгері дайындалған жерге жүргізуді қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіншіліктерді толық пайдаланды. Олар колхозшылармен тығыз ынтымақтаса отырып 1620 гектар зябь жыртты. Сөйтіп колхозда келер көктемгі егістің түгелдей дайын жерге себілуіне толық жағдай жасалды.

Бұл бригада механизаторлары техника қуатын тиімді пайдалана білді, олар өз машиналарына техникалық күтімді кезінде жүргізіп отырды. Соның нәтижесінде көптеген жанар және жағар майын үнемдеді. Атап айтқанда, бригадада жұмыс маусымында 13 тоннадан астам жанар және жағар май үнемделді. Осы үнемделген жанар және жағар майдың өзімен бригада 1030 гектар жер жұмыстады.

Бригаданың таңдаулы тракторшылары Григорий Луценко, Василий Зайцев, Михаил Логвинов жолдастар болып есептеледі. Григорий Луценко жолдас «С—80» тракторымен жыл маусымында 2867 гектар, ал Михаил Логвинов пен Василий Зайцев жолдастар «ДТ—54» тракторымен 1500- 1600 гектардан жер жұмыстады. Осының барлығы бұлардың колхоз дәулетін онан әрі арттыра беруге, астық шаруашылығының кең өркендей түсуі жөнінде партия мен үкметіміздің алға қойған міндеттерін аброймен орындап шығу ісіне қосқан елеулі үлес болып сана-

☆

## Жөндеу жұмысына басшылық нашар

Вильямс атындағы МТС-тің трактор бригадалары егін орағы аяқталысымен іле зябь жырту жұмысына кіріскен-ді. Бірақ әуе райының жауын-шашынды болуы себепті оларда зябь жыртуға тек шынжыр табанды тракторлар ғана қосылып, доңғалақты тракторлардың көпшілігі босқа тұрды. Мұның өзі қыстың суық күндерін күтпей-ақ бос тұрған тракторларды МТС мастерскойына жер қарада жеткізіп, жөндеу жұмысын кезінде бастап, оны қызу жүргізуге мүмкіндік туғызды. Алайда октябрь айы өтті, ноябрь айы басталды. Сөйте тұрса да, МТС-те трактор жөндеу жұмысы қолға шындап алынбады. Керек десең, бұл кезде мастерскойды жөндеу, оның ішіндегі өткен жылдан қалған қоқыстарды тазарту, жұмыс орындарын реттеу істері де аяқталмаған болатын.

Кәзір монтаждау цехында 10 трактор бөлшектелген күйінде тұр, оның төртеуі мастерскойға тіпті көктемде жеткізілген болатын. Цех суық, от жағылмайды. Бірен-саран жүрген жөндеушілер «жұмыс істеуге мүмкіншілік жоқ, цех суық» деседі.

Мастерскойға бара қалсаңыз кішкене пешті қоршап, қолдарын жылытып тұрған механизаторларды көресіз. Кейбір жөндеушілер жұмыс істеуге жағдайдың жоқтығынан жұмысқа келмейді де.

Машина-трактор станциясының бас инженері Форамонов жолдас трактор жөндеу жұмысын тораптық әдіс бойынша жүргіземіз дегенді айтады. Ол механизаторлар торапқа бөлініп істейтін болады дейді. Ал оның бұл ойы әлі сөз жүзінде ғана қалып келеді. Іс жүзінде тораптық әдістің қашан қолданылатыны белгісіз. Форамонов жолдас сөзді іске айналдыруды ұйымдастырудың, жөндеу жұмысын ойдағыдай жүргізуге басшылық етудің орнына осындай сөздермен өзін-өзі тоқмейілсітумен жүр.

МТС директоры Голямов жолдас жөнінде осыны айтуға болады. Ол екі ай бойына 38 трактордан 9 трактордың ғана жөнделгеніне түрлі желеулерді себеп етеді. Яғни трактор жөндеудің мұнша баяу жүруінің басты себебі: қосалқы бөлшектердің жетімсіздігінен болды. Оны алуға облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы январь айына дейін қаржы босатар емес. Енді біз, қосалқы бөлшектерді қайдан аламыз,—деп дәрменсіздікке салынуды әдетке айналдырған.

Бұл жерде Голямов жолдастың жөндеу жұмысына босатылған қаржыны қалай жұмсағанын айта кетуіміз керек. Күз қосалқы бөлшектерге арналып босатылған ондаған мың сом қаржы болды. Оны Голямов жолдас тек шынжыр табанды тракторлардың башмақтарын сатып алуға жұмсады. Кәзір МТС мастерскойында мұндай башмақтар керекті мөлшердегіден де артық, үйіліп жатыр. Оның орнына басқа аса қажетті қосалқы бөлшектер атымен жоқ. Ендеше мәселе қаражаттың кезінде босатылған қаржыны дұрыс пайдалана алмауында болып отыр. Голямов өзінің бұл кінәсін сезбейді.

МТС-те жөндеу жұмысының нашар жүруінің тағы бір себебі, онда еңбек тәртібінің нашар болуында. Көптеген тракторшылар мен комбайншылар әлі жөндеу жұмысына қатыспай, үйлерінде жүр. Мәселен, комбайншы Хамзатов, Стинурин, Вальценник, Киреев жолдастар жөндеу жұмысы басталғалы МТС-ке келіп көрген емес. Оның үстіне жұмыс істеп жүргендердің бітіргендері де шамалы. Слесарь А. Семенов жолдас күнделік тапсырмасының 23 процентін ғана орындайды, ал Т. Бреев, П. Ромашкин жолдастардың да еңбек өнімділігі осыдан артық емес. Мастерскойда жұмысқа жөндеу аспаптары толық пайдаланылмайды. Токарь цехындағы 5 станоктың үшеуі ғана жұмысқа қосылған. Кадрлардың мамандығын арттыруға ешкім де қамқорлық жасамай жүр. Кейбір жас токарьлардың қолынан резьба салудан басқа ештеңе келмейді. Слесарьлық цехта да жағдай осындай. Онда екі шатнауықтан басқа ешбір құрал жоқ. Жиі қолданылатын құрал-саймандар реттелмей, қалай болса солай тасталған. Кілттер, балға, егеу, шапқы және өлшеуіш құралдар жетіспейді.

МТС-тегі осы өрескел жағдайлар аудандық партия комитетінің МТС аймағы бойынша секретары Потуданский мен МТС партия ұйымы секретары Куксин жолдастарға көптен бері мәлім. Амал не, олар кемшілікті шұғыл жоюға бағытталған шараларды іске асыра алмай келеді. Тіпті олар жөндеуші-механизаторлар арасында саяси-бұқаралық жұмыстардың жолға қойылуына да мән бермеген. Керек десе, үгіт-бұқаралық жұмыстарының жоспары да жоқ. Қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар мүлдем шығарылмайды.

МТС дирекциясы мен бастауыш партия ұйымының жөндеуші-механизаторлардың тұрмыстық жағдайын жақсартуды ойламағанын айтпауға болмайды. Жөндеуші-механизаторлар қайда тұрады деген сұраққа Голямов жолдас: «Жеке пәтерлерде тұрған болар, өйткені бізде жатақхана жоқ, солай болар деп ұйғарғамыз»—десе, партия ұйымының секретары Куксин жолдас оны қуаттай сөйлеп, «я, өткен жылы да жеке пәтерлерге орналасқанды», дейді. Әрине, бұл трактор жөндеу жұмысының қарқынды жүруіне, сөз жоқ, кері әсерін тигізіп жүр.

Вильямс атындағы МТС-тің мастерскойындағы жағдай әзірге осындай. Егер бұл кемшіліктерді дереу жойып, жұмысқа қарқын туғызбаса және бұл іске аудандық партия комитеті мен Совет аткомінің өзі ерекше назар аудармаса, онда МТС-тің тракторларды жөндеуді төзгісіз кешеуілдетіп, көктемгі егісті ұзаққа созған өткен жылғы кемшіліктерін тағы да қайталайтын хаупі бар.

П. ТОКАРЕВ.

## КӨРМЕГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТӘЖРИБЕСІ ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗІЛСІН

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Рузаев ауданы, Молотов атындағы колхоздың сауыншысы Раиса Приб Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты, ол агрозоотехникалық курс тыңдаушыларына баяндама жасады. Сауыншы көрмеде көрген жаңалықтарын жыйнақтап, төлді қалай дұрыс өсіру, малдың жоғары өнімділігіне қалай жету туралы айтып берді. Бұл —сауыншының төртінші баяндамасы. Мұнымен бірге, көрмеге қатысушылар А. Жорнова, М. Тельнова, А. Руденко да курс тыңдаушыларына баяндамалар жасады.

Колхоз егіншілік пен мал шаруашылығын жүргізудің прогрессил әдістерін өндіріске енгізуде. Малшаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттеме мерзімінен бұрын орындалып, мемлекетке бір жарым мың центнерге жуық сүт сатылды. Сауын сыйырлар табынын жақсарту жүзеге асырылуда, озат шаруашылықтардың үлгісі бойынша малды азықтандырудың жаңа рационДары енгізіліп, сауыншылардың, малшылардың, бұзаушылардың жұмыс күнінің тәртібі өзгертілді, механикаландыруға және малды бағып, күтуді жақсартуға зор көңіл бөлінді. 200 мал сыятын стандартты сыйыр қорасы және басқа типті қоралар пайдалануға берілді. Товарлы сүт фермасында механизмдердің көмегімен жемшөп әзірленеді автомат науаларға су жіберіліп тұрады Аспалы жол орнатылды.

Облыстың 200-ге жуық колхозшылары, механизаторлары және совхоз жұмысшылары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Кәзір олар ауылшаруашылық еңбекшілерінің алдында баяндамалар жасап, әңгімелер өткізуде, барлық жаңалықты, прогрешілді өндіріске енгізуде көмектесіп жүр.

## МЕХАНИЗАТОРЛАРДЫҢ МАЛШЫЛАРҒА КӨМЕГІ

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстан колхозшылары мал қыстатуды ойдағыдай өткізіп, қысқы мерзімде де сыйырлардан сүтті көп сауу үшін күресуде. Бұл істе оларға механизаторлар едәуір көмек көрсетеді.

Зырян МТС-нің озат тракторшылары мал фермаларына жемшөпті тәулік бойына тасу ісін ұйымдастырып, жақсы инициатива көрсетті. Әсресе коммунист Смирнов жолдас басқарған бригада жоғары өнімді жұмыс істеуде. Тракторшылар Кержанов, Волков, Штум жолдастар Зырян ауданының Каганович атындағы колхозының мал базаларына кәзірдің өзінде 15 мың центнер азық тасыды. Бригада тракторларды тәулік бойына пайдалану есебінен шөп тасуды 10 декабрьге дейін аяқтауды ұйғарып отыр.

Бұқтарма МТС- нің механизаторлары жемшөпті неғұрлым жақсы пайдалану мақсатымен станция қамтуындағы ауылшаруашылық артельдерінде жай шөп пен сабанды малға берместен бұрын өңдеу жұмысын ұйымдастырды. Олар товарлы сүт фермаларында жемшөп булағыштар жасады, сүрленетін жемшөп тұрағыптар орнатылып, жемшөпті шапшаңдатылған әдіспен сүрлеуге арналған цементтелген шұқырлар жасауға көмектесті.

# Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестріне 20 жыл



СУРЕТТЕ: Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестрінің концерті. Дирижерлық етіп тұрған —Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Ш. Қажғалиев.

Суретті түсірген П. Редько.

Қазақстан жұртшылығы Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестрінің 20 жылдығын атап өтті.

Жұртшылыққа кеңінен мәлім бұл оркестр коллективінің творчестволық өмірі қазақ халқының ұлттық искусствосының гүлденуі үшін Коммунистік партия мен Совет Үкметінің жасап отырған әкелік қамқорлығының айқын мысалы болып табылады.

Бұдан 20 жыл бұрын халық искусствосы қайраткерлерінің Бүкілқазақстандық бірінші слеті болды. Слетте талантты музыкашылар, әншілер және бишілердің арасында музыкалық- драмалық техникумның домбыра оркестрі көпшіліктің құрметіне ие болды. Осы оркестр қазақтың ұлт аспаптары оркестірінің ұйтқысы болды. Оның құрамына мұнан кейін слетте өз шеберліктерін көрсете білген көптеген талантты орындаушылар—Қ. Жантілеуов, Ж. Қаламбаев және басқалары кірді.

Жыл асқан сайын өздерінің репертуарын халық творчествосының ең жақсы шығармаларымен байытып, музыкалық мәдениетті қажырлылықпен меңгерген жас коллективтің шеберлігі арта берді. Халық күйлерін есту арқылы орындаудан оркестр музыкалық шығармаларды нота арқылы орындауға көшті. Орыс және Батыс Европа классиктерінің шығармаларын орындау оркестрдің, орыс халық аспаптары оркестрі сияқты, аспаптар топтарына бөлінуін қажет етті.

1936 жылы Москвада болған қазақ искусствосының онкүндігіне қатысу Қазақтың Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінің өмірінде үлкен оқыйға болды. Үлкен Театрдың сахнасынан халық композиторы Құрманғазының «Сары арқа» және басқа күйлер мен халық әндерінің сазды үндері естілді.

Өзінің репертуарын кеңейту, орындаушылық шеберліктерін арттыру жолында үздіксіз еңбектену арқылы оркестр барған сайын кеңінен мәлім бола бастады. Оның творчествосымен ленинградтықтар, рига- «Венгер биін», С. Мухамеджановтың «Отан қуанышы» атты симфониялық күйін және басқа шығармаларды зор табыспен орындады. Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестрі фестивальда бірінші бәйгемен және лауреат атағымен наградталды. Бұл жоғарғы баға — талантты ансамбльдің мамандық шеберлігі мен көркемдік жағынан жетілгендігінің куәсі.

Бұл 20 жылдың ішінде оркестрдің репертуарына 400-ге жуық музыкалық шығармалар кірді. Олардың ішінде оркестрдің ұлттық ерекшеліктерін және оның халықтық музыкалық творчествосының тығыз байланысын білдіретін қазақ әндері мен күйлері, аспаптық музыканың орыс және батыс классиктері — Глинканың, Чайковскийдің, Глазуновтың, Рахманиновтың, Бетховеннің тамаша шығармалары, халықтық демократия елдері композиторларының шығармалары бар. Оркестрдің репертуарында М. Төлебаевтың, Е. Мусиннің, Е. Брусиловскийдің, А. Жұбановтың, В. Великановтың, Қазақстанның және басқа да композиторларының шығармалары көрнекті орын алады.

Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестрі тамаша музыкашылардың бір тобын тәрбиелеп шығарды. Мұндағы аға ұрпақтардың қатарына өздерінің творчестволары соңғы 15-20 жыл бойы Құрманғазы атындағы оркестрмен тікелей байланысты болып келген Лұқпан Мұхитов, Қали Жантілеуов, Жаппас Қаламбаев, Гүлнәфис Баязитова жатады, оркестрдің жартысынан астамы Алматының Мемлекеттік консерваториясының тәрбиеленушілері мен студенттері, олардың ішінде Фатима Балғаева, Болат Сарбаев, Үрістембек Омаров, Құбыш Мұхитов және оркестрдің бас дирижері, оның көркемдік жағынан басқарушы Шамғон Қажығалиев бар.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестрінің ұйымдасуына 20 жыл толуына байланыс-

лады.

Дала жұмыстарын ойдағыдай аяқтап шыққан механизаторлар техниканы жөндеу ісіне де қызу кірісті. Қазір бұл бригададағы тракторлардың дені жөнделіп, колхозға пішен тасу жұмысына жіберілді. Қалған тракторларды жөндеу де жуыр арада аяқталмақшы.

Порталов жолдас басқаратын трактор бригадасының атқарған үлгілі ісі, қажырлы еңбегі жоғары бағаланды. МТС дирекциясы мен бастауыш партия ұйымы бригаданың жылдық тапсырманы екі есеге жуық артық орындағаны үшін МТС-тің ауыспалы Қызыл Туын тапсырды. Бригада мүшелері бұл табысты тұрақтандыра отырып, алдағы уақыттарда бұдан да зор табыстар иесі болу жолында аянбай еңбектенуде.

**Р. УӘЛИЕВ.**

босатылмауында болып отырған жоқ, бо-

## ТӨЗГІСІЗ БАЯУЛЫҚ

Асанов МТС-і —ауылшаруашылық жұмыстарының жылдық жоспарын толық орындап шыққан МТС-тердің бірі. Ендігі МТС алдындағы міндет — тракторларды, ауылшаруашылық машиналарын және комбайндарды деркезінде сапалы жөндеу.

Амал қанша, басшылардың істі дұрыс ұйымдастыра білмеуі салдарынан МТС-те қазіргі жөндеу жұмысының барысы төзгісіз баяу. Быйыл жұмысқа қосылады деген стандартты жобамен салына бастаған жөндеу мастерскойы әлі пайдалануға берілген жоқ. Мұның өзі іске кері әсер етуде. Мастерскойда жөндеуге қажетті қосалқы бөлшектер жетіспейді. Жөндеу жұмысының ең тиімді әдісі—топтық әдіс бұрмаланып, бригадалық әдіспен жөндеуге жол беріліп жүр. Мұндай теріс практиканың орын алуы себепті МТС төртінші тоқсандағы жөндеу жоспарын небары 13-ақ процент орындап отыр. Басқаша айтқанда, екі ай ішінде үш трактор ғана жөнделген. Ал жоспарлы 9 комбайнның бірде-бірі жөнделіп бітпеген. Жөндеу жұмысының осынша баяу жүруінің басты себебі —істі дұрыс ұйымдастыра білмеуде. Ал ұйымдастыру ісі жөндеу жұмысында шешуші роль атқарады.

**Қ. ӘЛМАҒАНБЕТОВ.**

## ЕМБІ МҰНАЙШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕГІ ТАБЫСТАРЫ

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). «Казахстаннефть» бірлестігі мұнай өндірудің 11 айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Сұйық отынның едәуір бөлегі — ішкі резервтерді пайдалану есебінен шығарылды. Каратон кәсіпшілігінде анағұрлым қуатты шайқалмалы- станоктер орнату жолымен сұйық затты айыру ұлғайтылды.

Комсомол кәсіпшілігінде Қыйлыбаев мастер болып істейтін участокте үздік технологиялық тәртіпті енгізудің нәтижесінде мұнай шығару 20 процент арттырылды

лықтар, Минскінің, Вильнюстің, Қазанның, Куйбышевтің, Саратовтың еңбекшілері танысты. Оркестр москвалық музыкашылардың да құрметті қонағы болды.

Қазақ музыкашыларының коллективі шетелдерде екі рет совет искусствосының атынан өз өнерлерін көрсетті. 1950 жылы ол Қытай Халық Республикасына барды. Үрімшінің, Құлжаның, Синьцзянь провинциясының тағы басқа қалалары мен селоларының халқы оның концерттерін зор ынтамен тыңдады.

1953 жылы оркестрдің жастар тобы жастар мен студенттердің Бухарестегі төртінші Бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатысты. Қазақ музыкашылары Глинканың «Вальс- фантазиясын», Брамстың

лық мәдениетін дамыту саласында сіңірген аса зор еңбегі үшін оркестрдің біртоп артистеріне құрметті атақ берді. Концертмейстрлер Гүлнәфис Баязитоваға, Қали Жантілеуовке және артист Лұқпан Мұхитовқа Қазақ ССР Халық артисі атағы берілді. Композитор С. И. Шабельскийге Қазақ ССР-нің искусствоға еңбегі сіңген қайраткері атағы, концертмейстер Фатима Балғаеваға, оркестрдің артистері Әбутәліп Смайылов пен Бахтыяр Құбайжановқа Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі атағы берілді. Оркестрдің 32 артисі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталды.

(ҚазТАГ).

# ҚАЗАҚ ССР ПАВИЛЬОНЫ

## Павильонның директоры А. И. Жандеркинмен әңгіме

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіндегі Қазақ ССР павильонына ең жақсы жерлердің бірінен орын берілді. Оның архитектурасы мен көркемдік жағынан зейнеттелуі қазақтың ұлттық сәулетшілігінің дәстүрлерін толық бейнеледі. Павильонның сегіз залындағы экспозициялар қазақ халқының Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы орыс халқының көмегі арқасында, Қазақстанды бұрынғы патшалық Россияның артта қалған шет аймағының түлденген индустриялы-колхозды республикаға қалай айналдырғанын баяндайды, ауылшаруашылық өндірісі озаттарының тәжрибесін айқын көрсетеді.

Үш жарым айдың ішінде павильонда 3,5 миллионнан аса адам болды. Үш мыңға жуық ұйымдасқан экскурсия Қазақстан ауыл шаруашылығының тәжрибесімен жете танысты. Мұнда жүзден аса шетелдік делегациялар болды. Кейбір күндері павильонды жүз мыңнан аса экскурсияшылар аралап көрді.

Павильонға келушілерге 16 экскурсия нұсқаушысы—ғылми қызметкерлер мен Алматы жоғары оқу орындарының жоғары курстарының студенттері қызмет етті. Қазақстаннан келген экскурсияшыларға қазақ тілінде түсініктер беріліп тұрды.

Біз Қазақстан ауыл шаруашылығының оның механикаландырылған ірі астық өндірісі мен мал шаруашылығының сан алуан салалары мен байлықтарын кең көрсетуге зер салдық. Бірқатар стендтерде мақта, қант қызылшасын, темекі, овощь, жеміс өсіретін колхоздар мен совхоздардың табыстары бейнеленді.

Павильонда республика колхоздарының, МТС- тері мен совхоздарының тың және тыңайған жерлерді игерудің құрметті және жауапты міндетін қалай орындап жатқанын көрсетуге орталық бөлімдердің бірінен орын берілді. Павильонда болған көптеген адамдар быйылғы жылы бүкіл Совет Одағында көтерілген 17,4 миллион гектар тың мен тыңайған жерлердің жартысына жуығы Қазақстанның үлесіне тиіп отырғанын көрді. Республикамызда бір жарым мыңнан аса колхоз, 300-ге жуық МТС, 200-ден аса совхоз, соның ішінде өткен көктемде құрылған 93 совхоз жаңа жерлерді игерумен шұғылдануда. Партия мен үкметтің Қазақстанға көрсеткен орасан зор көмегі нәтижесінде республика МТС-терінің трактор паркіне жыл басынан бері, 15 аттың күшімен есептегенде, 23 мыңнан аса трактор қосылды, ал совхоздардың трактор паркі екі есе дерлік артты.

Партияның шақыруы бойынша Совет Одағының барлық түпкірлерінен Қазақстанға жаңа жерлерді игеруге ауыл шаруашылығының мыңдаған механизаторлары мен мамандары келді. Мұндай мамандар әлі де еселеп келуде. Біз Қазақстанға тұрақты жұмыс істеу үшін барғысы келгендердің көбі, жаңа жерлерге аттанудан бұрын біздің павильонға келіп, егіннен мол өнім алып жүрген шеберлердің табыстарымен қандай ықыласпен жете танысқанын көрдік, мұның өзі біз үшін зор қуаныш болды.

Жаңа жерлерге барып қоныстанушылардың көрмеге қатысушылармен бірнеше кездесулері өткізілді. Осындай кездесулердің бірінде Қарағанды облысында жаңадан құрылған Теміртау астық совхозының трактор-егіс бригадасының бригадирі А.Г. Пашков өзінің жерлестері—Киев облысының колхозшылары алдында сөз сөйлеп, жаңа қоныстанушылардың қалай орналасқанын баяндады. Бұлар мемлекеттің көмегімен өздеріне үй салып, мал сатып алуда. Совхоз поселкесінде толық мағаналы тұрмыс орнап, жігерді тасытқан игілікті еңбек қыза түсуде.

Қарағанды облысындағы жаңа «Тракторист» совхозының механизаторы А.И. Зорин де көрмеге қатысушылардың алдында сөз сөйлеп пікір алысты.

—Қазақстанның тың жерлері,—деді ол,—бұл біздің партиямыз ашып, халықтың игілігіне беріп отырған орасан бай қазына.

Оның бұл сөздерін көрмеге қатысушы колхоздардың қол жеткен көрсеткіштері дәлелдеп отыр. Көкшетау облысы, Рузаев ауданындағы «Путь к свету» ауылшаруашылық артелі 1953 жылы көтерілген 716 гектар тың жердің әр гектарынан 29 центнерден жаздық бидай алды. Солтүстік Қазақстан облысы, Конюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозы тыңға егілген 446 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 23,2 центнерден өнім жыйнады.

Қазақстанға келе жатқан жаңа қоныстанушылардың көбі Көкшетау облысы, Рузаев ауданының Молотов атындағы колхозының тәжрибесіне зор ынта қойды, бұл колхозға павильонда арнаулы стенд бөлініп берілді. Осы колхозда 20 мың гектар құнарлы тың және тыңайған жер бар, соның жартысына жуығы қазірдің өзінде игерілген. 1953 жылы колхоз 4.841 гектар дәнді егістің әр гектарынан 22,2 центнерден өнім жыйнады. Тың жерлерге егілген қатты бидайдың өнімі гектарына 28,5 центнерден келді.

Қазақстанға келіп қоныстанған ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің өз жерлестерімен—Украина, Белоруссия және еліміздің орталық облыстары ауыл шаруашылығының озаттарымен кездесуі өте көңілді болды. Қостанай облысындағы Құсмұрын совхозының комбайншысы Д. Яценко, Павлодар облысындағы XIX партсъезд атындағы совхоздың бас инженері В. Афанасенко және басқа жаңадан қоныстанушылар кездесуде сөз сөйледі. Кездесуге қатысушылар үндеу қабылдап, онда былай деп жазды:

«Біз, жаңа қоныстанғандар, Қазақстан ауыл шаруашылығының озаттары, тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі бүкілхалықтық міндетті күш біріктіріп орындау үшін жерлестерімізді біздің бай өлкелерімізге келіңдер деп шын жүректен шақырамыз».

Павильонның залдарында орналастырылған 19 стендте және 20 қондырғыда республиканың мал шаруашылығын өркендетуде жеткен табыстары көрсетілді. Павлодар облысындағы Бесқарағай совхозының, Семей облысы, Уржар ауданындағы «Красные горные орлы» колхозының, Алматы облысы, Алматы ауданы, Мичурин атындағы ауылшаруашылық артелінің, Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Шымқорған» қаракөл совхозының жұмысынан мысалдар келтіре отырып, біз экскурсияшыларды Қазақстанда мол өнімді биязы жүнді қойлар өсіруге өте қолайлы жағдайлар бар екенімен таныстырдық. Республиканың озат шаруашылықтары әрбір қойдан жыл сайын алты килограмнан жүн қырқып, отарлы қойдан 85 процент бірінші сортты қаракөл мен елтірі алып келеді.

«Красные горные орлы» колхозының стендісінде көрмеге келушілер заттай экспонаттармен—қамшатқа, теңіз мысығының және сондайлардың терілеріне ұқсатып өңделген мехтармен танысты. Бұл колхозда қой саны қазірдің өзінде 20 мыңнан асып отыр. Өткен жылы егіндік, шабындық және жайылымдық жерлердің әрбір 100 гектарына 168 килограмм жүн алынды. Қой шаруашылығынан түскен табыс екі миллион сомнан айналды.

Көптеген шаруашылықтар сыйыр малының, атап айтқанда, қазақтың жаңа тұқымды ақбас сыйырының санын көбейтуде жеткен табыстарын көрсетті.

Өсімдік шаруашылығының залдары дәнді, техникалық дақылдар, жеміс-жидектер, овощь дақылдары мен картоп өсірумен шұғылданатын озат шаруашылықтардың тәжрибесін баяндап берді. Бұл дақылдар жөнінде экспонент болғандар: Талдықорған облысының Сталин атындағы колхозы, Қостанай астық совхозы, Көкшетау облысындағы Рузаев МТС-і және басқалары. Павильонда республиканың небәрі 50 шаруашылығы көрсетілді.

Біздің көптеген экспоненттеріміздің өздері экскурсияшыларға түсінік беріп тұрды. Республиканың таңдаулы күрішшісі , Социалистік Еңбек Ері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ыбрай Жақаевтың әңгімелерін павильонға келушілер зор ықыласпен тыңдады. Ал Жақаев жолдастың өз колхозында—Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы «Қызыл ту» колхозында күріштен дүниежүзілік рекордты өнім әр гектардан 162,5 центнер күріш алғаны жұртқа мәлім. Сонымен қатар Алматы облысындағы «Есік» совхозының жүзім өсіру жөніндегі бригадирі Р.М. Кураченко, Ақмола облысындағы Балташино совхозының аға гуртоправы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты К. Жуасов та өз стендтерінің қасында тәжрибелерін айтып берді. Павильонның экспоненттері радио арқылы және астананың телевизор орталығында сөз сөйледі.

Павильонда 50-ден аса лекция оқылды, ғалымдардың ауыл шаруашылығы озаттарымен әңгімелері және кездесулері өткізілді. Бізде қойдың жаңа тұқымын—биязы жүнді қазақ қойын өсіріп шығарушылардың бірі—Сталиндік сыйлықтың лауреаты В.А. Бальмонт, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы баяндама жасаған Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі Д. А. Зыков және басқа ғалымдар лекция оқып, тәжрибелерін айтты.

Біздің экспоненттеріміз бен экскурсияшыларымыздың Кострома облысындағы «12-й Октябрь» колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты П.А. Малининамен кездесуі орыс және қазақ колхозшылары достығының жарқын демонстрациясына айналды, ол қазақ малшыларына өз колхозының табыстары туралы айтып, берік жемшөп базасын жасау жөніндегі тәжрибесін ортаға салды.

Қазақ республикасының көптеген озат шаруашылықтары шаруашылық салаларының арнаулы павильондарында—«Совхоздар», «Астық», «Техникалық және майлы дақылдар», «Картоп және овощь», «Гидрометеорология қызметі» павильондарында көрсетілді. Көрменің мал шаруашылығы павильондарында өнімділігі жағынан аса үздік қойлар, ешкілер, сыйыр малы көрсетілді.

Көрмеге келушілер Қазақ ССР павильонына зор ынта қойып, қазақ халқының коммунизм құрылысында жеткен табыстарына сүйсінген шаттық сезімдерін білдірді. Павильонда болғандардың Совет Одағы халықтарының көптеген тілдерінде жазып қалдырған пікірлері мен тілектері жеті том болып отыр. Бұлардың арасында, Қазақстанның байлықтарымен танысқаннан кейін, өзінің тағдырын осы республиканың тұрмысымен мәңгі байланыстыруға ұйғарған адамдар да болды. Пікірлер кітабында жазылған тілектердің бірі міне мынадай:

«Павильонда Қазақ ССР ауыл шаруашылығының табыстарымен танысқаннан кейін біз, Совет Армиясының қатарында қызметімізді бітірген жауынгерлер, Қазақстанның солтүстік аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеруге кетіп барамыз. Жаңа жерлерде зор жігермен еңбек етіп, республиканың байлықтарын еселеп арттырамыз. Старшиналар—Панфилов, Резунов, Травников, қатардағылар Кушнирук, Жучлин».

Көрмеге қатысушыларға—РСФСР-дің, Украинаның, Белоруссияның, Қазақстанның және басқа республикалардың социалистік ауыл шаруашылығының озат адамдарына куәліктер мен ескерткіш медальдар тапсырылды. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Сталин атындағы колхоздың аңшысы Смайыл Жерімбаев медаль мен куәлікті алдыңғылардың бірі болып алды. Ол «Аңшылық және аң шаруашылығы» павильонында жұрт ұнатқан ең сүйкімді экспоненттердің бірі болды. Оның бүркітке қасқыр, түлкі, қоян алдыру аңшылығы туралы айтқан әңгімелерін мыңдаған экскурсияшылар тыңдады. Жерімбаев жолдас көрмеде болған күндерін өзінің тәжрибесін басқаларға үйрету үшін ған емес, сонымен бірге өзінің де көп нәрсеу үйренуі үшін пайдаланды. Ол павильонның ғылми қызметкерлерінің көмегіме өзі үшін жаңа—аң өсіру мамандығын үйренді. Қарт аңшы туған колхозында а өсіретін ферма ұйымдастырамын деге берік талаппен көрмеден қайтып келд Көрмеде ол сибирьдің таңдаулы аңшылар әкелі—балалы Бабкиндермен, Умановп (Тула облысы), Остапенкомен (Краснод өлкесі) және басқа аңшылармен кездесі олармен социалистік жарысқа шарт ж састы.

Ауыл шаруашылығының озаттары Б кілодақтық ауылшаруашылық көрмс халықтық университет деп өте дұр айтты. Көрмеден алған озат тәжрибе Қ зақстан колхоздарының, совхоздарын және МТС-терінің ауылшаруашылық дірісін онан әрі өрге бастыруда жаңа быстарға жетулеріне мүмкіндік береді.

(ҚазТАГ).

## Орасан зор тарихи маңызы бар документ

ПРАГА, 4 декабрь. (СОТА). Астаналық газеттер Москва Кеңесіне қатысушылар қабылдаған Декларацияға өздерінің басмақалаларын арнауда. Газеттер сонымен қатар еңбекшілердің жалпы жыйналыстарының Декларацияны қолдайтын көптеген қарарларын да басып шығаруда.

Декларация, деп жазған «Руде право» газеті басмақалада, Москва Кеңесіне қатысқан барлық мемлекеттердің Европаны өркендеткенде, оның барлық европалық елдердің бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей болып өркендетілуі үшін барлық күшімен күресуге берік бел байлағанын көрсетіп отыр. Дүниежүзілік жұртшылық талабына толық сай келетін бұл Декларация Париж келісімдерін бекітудің Европадағы шиеленісті күшейтуге және даулы проблемаларды, соның ішінде герман проблемасын реттеу мүмкіндігін нашарлатуы ықтыймал екендігіне барлық европалық елдердің назарын аударып отыр.

Москва Кеңесінің және Декларацияның, деп жазған газет бұдан кейін, бейбітшілік күштері мен соғыс күштеріне қарсы бұдан былайғы күресі үшін тарихи зор маңызы болатындығы даусыз. Москва Кеңесі демократиялық лагерьдегі барлық елдердің бейбітшілікке ұмтылып отырғанын айқын атап көрсетті. Ол сонымен бірге «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясаттың инициаторлары тудыратын қатерге өз күштерін бұрынғыдан да гөрі ныгайтып, топтастырумен жауап беруге мызғымас берік бел байлағандықты көрсетті.

Москва Кеңесінің көрсетіп отырғанындай деп жазған басмақалада—«Лидова Демократие» газеті, Батыс Германияны ремилитарландыру хаупіне барлық бейбітшіл күштердің бірлігі мен топтасқан жігерін қарсы қою қажет.

Европаның алдында тұрған проблемаларға тоқтай келіп, газет былай деп көрсеткен: неміс халқының өзінің мүдделеріне сәйкес алдағы жылы жалпыгерманиялық сайлау өткізу туралы келісімге және осының негізінде біртұтас демократиялық, бейбітшіл Германия үкметін құруға жету қажет.

### «БАТЫС ДЕРЖАВАЛАРЫНЫҢ НАҚ ӨЗДЕРІ ЕВРОПАДАҒЫ ШИЕЛЕНІСТІ КҮШЕЙТУДЕ»

ДЕЛИ, 4 декабрь. (СОТА). «Ассам трибюн» газеті герман милитаризмін қайта тудыру Европа халықтарының ғана емес, сонымен бірге Европадан тыс елдердің халықтарының да мүдделеріне қайшы келеді, деп басмақалада атап көрсеткен. Совет Одағы, деп жазған газет, «өз хауіпсіздігі үшін ғана емес, сонымен бірге бұдан тіпті бірнеше жылдар ғана бұрын гитлершілдер құлдыққа түсірген Францияның, Бельгияның, Голландияның, Данияның, Норвегияның және басқа елдердің хауіпсіздігі үшін де Батыс Германияны қайта қаруландыруға жол бермеуді көздеп отыр». «Батыс өзінің қарулы

## Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам

### МОСКВА КЕҢЕСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ БАСПАСӨЗІНІҢ ПІКІРЛЕРІ

ПЕКИН, 4 декабрь. (СОТА). Бүгін Пекиннің газеттері европалық елдердің Москва Кеңесінің қорытындыларын кеңінен түсіндіруде.

«Женминьжибао» газеті «Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам» деген басмақалада былай деп жазған:

АҚШ-тың және олардың соңынан ерүші Англия мен Францияның батысгерманиялық милитаризмді қалпына келтірудің «күні ілгері істелген фактісіне» Европаның бейбітшіл мемлекеттерін душар етуге және өздерінің «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясаты дейтінді бұл мемлекеттерге күшпен қабылдатуға тырысатын әрекеттерінің ешкімді де қорқыта алмайтынын европалық елдер Кеңесінің нәтижелері мейлінше айқын көрсетіп берді. Совет Одағы мен европалық Халықтық Демократия елдерінің өз хауіпсіздігін қорғау үшін жеткілікті күші мен жігері бар.

Қытай халқы, делінген мақалада, Кеңеске қатысушылардың Декларациясын толығымен мақұлдайды.

«Гуньминьжибао» газетінің басмақаласында, атап айтқанда, былай делінген:

Совет Одағы, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруды усынып, бейбітшілікке жету жолын айқын көрсетіп берді. Совет Одағы герман мәселесі жөнінде және еңалдымен, Германияны біріктіру мәселесі жөнінде АҚШ-пен, Англиямен, Франциямен келісімге жетуді төзімділікпен талап етіп келеді. Егер бұл мемлекеттердің үшеуі де, Совет Одағы сыяқты, Германияның бірлігін қалпына келтіруге тырысқан болса, онда келісімге қол жеткен болар еді, сөйтіп, Европадағы жаңа соғыс қатері жойылған болар еді.

Американ империализмінің Батыс Германияны қайта қаруландыру жайындағы арам ниеттері, деп атап көрсеткен газет, Европа халықтарының хауіпсіздігіне ғана емес, сонымен бірге европалық елдердің халықтарының хауіпсіздігіне де қатер төндіруде. Сондықтан қытай халқы, америкаң империализмінің Азиядағы агрессиялық әрекеттерін қырағылықпен, қадағалай отырып, сонымен бірге америкаң империализмінің Европадағы тіміскілеген әрекеттерін де зер салып қадағалауда.

«Гуньминжибао» газеті былай деп жазған: Москва Кеңесіне қатысушылардың бірлескен Декларациясында халықаралық жағдайға жасалған талдауға және оған берілген бағаға біз толығымен қосыламыз. Кәзір келіссөздер жүргізу есіктері әлі жабылған жоқ. Париж келісімдерін бекітуді тоқтатып, келіссөздер жүргізетін жолға бәскосу АҚШ үшін, әсресе Англия мен Франция үшін әлі де кеш емес.

## Европалық елдердің Москва Кеңесінің жұмысына қатысқан ГДР делегациясын Вильгельм Пиктің қабылдауы

БЕРЛИН, декабрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пик 3 декабрьде өзінің Нидерменхаузен кеңесінде (Берлин) европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің жұмысына қатысқан және премьер-министр Отто Гротеволь бастаған ГДР делегациясын қабылдаған.

Гротеволь европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің барысы мен нәтижелері туралы президентке хабарлап, оның әсресе, Герман Демократиялық Республикасы үшін зор маңызы бар екенін атап көрсеткен. Европада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету, деп атап айтқан Гротеволь, сонымен бірге ұлы державалар арасында келіссөздер жүргізу арқылы да, сондай-ақ, немістердің өздері арасында келіссөздер жүргізу арқылы да герман мәселесін неғұрлым тез және ойдағыдай шешуге жол ашқан болар еді.

Гротеволь өздерінің өкілдері тек Париж келісімдерін бекіткеннен кейін ғана герман мәселесі жөнінде келісімдер жүргізу дұрыс болады-мыс деп мәлімдеп отырған батыс державаларының позициясын айыптаған.

Гротеволь бұдан кейін былай деп атап көрсеткен: герман милитаризмін қайта тудыру және батысгерманиялық тұрақты армия құру Герман Демократиялық Республикасын өзінің бейбіт табыстарын қорғау мақсатымен өзінің ұлттық қарулы күштерін құруға мәжбүр етеді.

Бейбітшіл мемлекеттерге қарсы агрессия бастау әрекетінің қандайы болса да, деп атап көрсеткен Гротеволь, бұл бейбітшіл елдердің осындай агрессияға батыл тойтарыс беруі үшін бар шараларды қолдануына әкеліп соқтырады деген сөз.

Европалық елдердің Москва Кеңесі туралы сонымен қатар ГДР делегациясының мүшелері—премьер-министрдің орынбасары Вальтер Ульбрихт, премьер-министрдің орынбасары және сыртқы істер министрі Лотар Больц қысқаша хабарлар жасаған.

Президент Вильгельм Пик, Москва Кеңесінің нәтижелері туралы хабарлар жасағаны үшін делегацияның мүшелеріне алғыс айтып, бұл Кеңестің нәтижелеріне толығымен қанағаттанатынын білдірген.

Неміс халқы, деп атап көрсеткен ол, герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеу үшін және Европада бейбітшілік пен хауіпсіздік орнату мүдделерін көздеп, Германияны бейбітшілік және демократиялық негізде неғұрлым тез қайта қосуға көмектесу үшін барлық күш-жігерін жұмылдыруға тиіс.

### ЛАНЬЧЖОУ -ҮРІМШІ —АЛМАТЫ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНДА

ПЕКИН, 5 декабрь. (СОТА). «Женьминьжибао» газетінің хабар етуіне қарағанда Ланьчжоу —Үрімші—Алматы темір жолының құрылысшылары Увей қаласына дейін темір жол рельстерін төсеген. Жол құрылысы басталғалы Ланьчжоудан бастап ұзындығы 303 километр темір жол салынды. Увейге алғашқы поездың келуі үлкен мерекеге айналды. Теміржолшыларды құттықтау үшін қаланың тұрғындары мен қала маңайындағы тұрғындар келді.

Бұл күндері темір жол төсеу жұмыстары Увейден батысқа қарай 100 километрден артығырақ участокте жүргізілуде.

### ЕГИПЕТТЕ «МҰСЫЛМАНДАР ТУЫСҚАНДЫҒЫ» АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ҮКІМ ШЫҒАРЫЛҒАН

КАИР, 4 декабрь. (СОТА). Египет трибуналы бүгін «жүргізіліп отырған тәртіпті құлату мақсатымен қастандық» ұйымдастырды және «жасырын қарулы террорлық ұйым» құрды деп айыпталған «мұсылмандар туысқандығы» басшы қайраткерлерінің ісі жөнінде үкім шығарды.

Бұл жұмыспен «мұсылмандар туысқандығының» жоғарғы басшысы Ходайби, ассоциация атқару комитетінің онтөрт мүшесі, сонымен бірге «мұсылмандар туысқандығының» басқа да төрт мүшесі, оның ішінде премьер-министр Насерге қастандық жасағандығы үшін айыпталған Мұхамед Латиф сотқа тартылды.

Трибунал жеті адамды асып өлтіру жазасына кесті. Оның ішінде «мұсылмандар туысқандығының» жоғарғы басшысы Ходайби бар.

Айыпталғандардың жетеуіне өмір бойы каторгалық жұмыс істеуге және екеуіне онбес жылдан түрмеде отыруға үкім шығарылды.

Трибуналдың үкімін «бастаушы революциялық совет» бекітуге тиіс.

Трибунал, сонымен бірге үкметке «мұсылмандар туысқандығы» ассоциациясын таратуға «ақыл беретін» қарар шығарды.

Басқа тұтқынға алынған «мұсылмандар туысқандығы» мүшелерінің ісі «бастаушы революциялық совет» трибуналдан бөлек ұйымдастырған арнаулы үш соғыс сотында қаралатын болады.

Тұтқынға алынған «мұсылмандар туысқандығы» мүшелерінің саны мың адамнан асады және олардың көпшілігі сотқа берілетін болады деп хабарлануда.

### «МҰСЫЛМАНДАР ТУЫСҚАНДЫҒЫ» АССОЦИАЦИЯСЫ БАСШЫЛАРЫНА БОЛЫП ЖАТҚАН ПРОЦЕСС ЖАЙЫНДА

КАИР, 5 декабрь. (СОТА). 4 декабрьде «Бастаушы революциялық совет» трибуналдың «мұсылмандар туысқандығы» ассоциациясы қайраткерлеріне шығарған үкімін қарады.

«Бастаушы революциялық совет», «мұсылмандар туысқандығының» жоғарғы басшысы Ходайбиге шығарылған өлім жазасын өмір бойы каторгалық жұмыспен ауыстырды.

Қалған айыпталушыларға шығарылған



СУРЕТТЕ: хоккейшілердің мұз айдынындағы жарысы.
Суретті түсірген И. Пасечный.

## ҚЫСҚЫ СПОРТ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Қала маңы мен парктер, стадиондар өздерінің қысқы көрпесін жамылған. Жер бетін түгел жапқан ақ қар мен стадиондағы мұз айдыны күнмен шағылысып көз ұялтқандай.

Өткен жексенбі қыс айларында сирек кездесетін жайлы күндердің бірі болды. Таңертең ертемен-ақ қаланың барлық көшелерінде қолдарына шаңғы, коньки ұстаған жастарды көптеп кездестіруге болатын еді. Олар қысқы спорт маусымына арналған жарысқа қатысатындар. 162 командаға бөлінген қаланың таңдаулы 800 спортшылары сағат 11-ге дейін белгіленген орындарға жыйналып та болды. Ал сағат 12-де алғашқы старт та берілді.

### *Мұз айдынында*

«Динамо» стадионы бұл күні күндегісінен де көңілді. Стадион трибуналары қала конькишілерінің алғашқы жарысын көруге келген адамдарға лық толған. Толық тәртіпке келтірілген мұз айдынында соңғы әзірліктер жүргізілуде. Міне, мұз үстіне конькишілер де шыға бастады. Олардың бір орнында тұрмай, жүйітки сырғанаулары жарыс басталуын асыға күткендіктерін байқатады. Ал қыймылдары жарыстың табысты өтетіндігіне берік сенетіндіктерін көрсетеді.

Сағат 12. Бірінші болып ерлер арасында 500 метр қашықтыққа жарысатындар стартқа шықты. Салған жерден күшті қарқынмен алға ұмтылған олардың қайсысы озып шығатындығын алдын ала айтуға болмайды.

...дер үшін 5 километрлік қашықтыққа старт берілді. 126 шаңғышылар командасы эстафетада бірінші орын алу үшін жарысқа шықты.

4х5 километрлік эстафетада бір сағат 17,52 минут уақыт көрсеткен ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының ерлер командасы бірінші орын алды. Ал әйелдер арасында «Динамо» ерікті спорт қоғамының шаңғышылары жеңіске ие болды. Олардың уақыты 57 минут 13 секунд. Жасөспірімдер мен қыздар арасында тамаша нәтижелер көрсеткен Петропавл станциясының № 44 орта мектебінің шаңғышылары болды. Олар эстафетаның төрт тобында да бірінші орынға шықты. Эстафеталық жарыстың қорытындысында өндіріс орындары коллективтерінің ішінде Гаккельберг жолдас тренер болып істейтін шаңғышылар командасы, орта мектептер коллективтері арасында № 44 орта мектептің командасы (тренері Бузникин), техникумдар мен мұғалімдер институты коллективтерінің арасында мұғалімдер институтының командасы (тренерлері Базилевский, Шлегель) бірінші орындарға ие болды.

Жарыста жекелеген шаңғышылардың көпшілігі өздерінің өткен жылғы нәтижелерін анағұрлым жақсартты.

Бұл кезде қалалық ипподромда төменгі класс оқушыларының шаңғы жарысы өте қызықты жағдайда өтті. Бұған қала мектептерінің 29 командасы қатысқан болатын. Олардың ішінде 4х3 эстафе-

...Одағы «қолын қусырып отыра ала ...деп сұрақ қояды газет. «Батыс дер...ларының нақ өздері, деп атап көр...ен газет,—Европада шиеленісті күшейтуде. Москва Кеңесіне шақырған со...усынысын қабылдамай олар жалпыға ...й бейбітшілікті қамтамасыз ету ісіне ...інің немқұрайды қарайтындығын ...ден берді».

## ...БҮКІЛДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӘСІПОДАҚ ФЕДЕРАЦИЯСЫ БАС СОВЕТІ СЕССИЯСЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДА

...декабрьден 14 декабрьге дейін Вар...ада Бүкілдүниежүзілік кәсіподақ федерациясы Атқару Бюросының, Атқару ...тетінің және Бас Советінің сессиясы болады. БКФ Бас Советі сессияларының күн тәртібінде мына мәселелер қа...мақ.

... Халықаралық жағдай және өздерінің ...тарын қорғау үшін еңбекшілердің ...стігін арттыру туралы мәселе жөнінде Бүкілдүниежүзілік кәсіподақтары үшінші конгресінің қарарын қолдану.

...андамашы —БКФ-ның Бас секретары Луи Сайян.

... Еңбекшілердің кәсіподақтық право... партиясы және кәсіподақтық пен ...ратиялық праволарды қорғаудың ха...ралық компаниясын өткізу.

...андамашы —БКФ-ның председателі ...не и Битторио.

...КФ-ның Атқару Бюросының, Атқару ...теті мен Бас Советінің сессиясы жұ...ына қатысу үшін Москвадан совет ...дақ делегациясы Варшаваға шықты. ... құрамында: КБОС председателінің ...басары Л. Н. Соловьев (делегация ...сы), КБОС-тың секретары Н. В. ...а мен КБОС-тың халықаралық бө...інің меңгерушісі В. И. Березина бар.

## ...ПТЫ ХОККЕЙ ЖӨНІНДЕ ССРО-ДА БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖАРЫСЫ

...РО Министрлер Советі жанындағы ...ультура және спорт жөніндегі коми...опты хоккейден елімізде бірінші орын ...жарысын өткізудің календарын бекіт...ан «А» тобындағы ең күшті 10 ко... қатысады. Бұлар—Совет Армия...ың орталық үйінің москвалық коман..., сондай-ақ москвалық «Динамо» жә...Буревестник» командалары, мұнымен ... «Торпедо» (Красноярск), офицер...йінің (Свердловск), «Энергия» (Ле...рад), «Водник» (Архангельск), офи...р үйінің (Петрозаводск), офицерлер ...ің (Хабаровск) командалары және ...ы қаласының командасы.

...рыс екі кезекте өткізілетін болады. ...гі кезектегі жарыстың ойындары ...ада декабрьдің 16-нан 30-на дейін; ...і кезектің ойындары Москвада, Ар...ьскіде және Ивановода өтеді.

(СОТА).

# Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі маңызды проблема

### ПОЛЯК БАСПАСӨЗДЕРІНІҢ ТҮСІНІКТЕРІ

ВАРШАВА, 3 декабрь. (СОТА). Польша Халық Республикасының жұртшылығы европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің қорытындысын зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Бүгін орталық газеттер көрнекті орындар беріп Москва Кеңесінің қорытынды мазмұндамасын, Кеңеске қатысушы елдер үкіметтерінің Декларациясын, сол сияқты Кеңестің басқа да материалдарын жариялауда.

Газеттер Кеңестің қорытындысына басмақалалар мен редакциялық мақалалар арнауда. «Батыстың реакциялық насихаты, —деп жазады «Трибуна люду» газеті, — Кеңестің қорытындысы туралы үндемей қалуға әрекеттеніп отыр. Бірақ оларға 600 миллион қытай халқы қолдап отырған европалық сегіз елдің Декларациясы туралы үндемей қалу мүмкін емес. Гитлерлік жаңа армияны құрудың апатты жолынан қайтаруға, герман милитаризмін қайта тудыруға тырысушылықты болдырмауға әлі де уақыт пен мүмкіншілік бар. Москва Кеңесі бұған бейбітшілікті аңсап отырған Европа мен бүкіл дүние жүзіндегі халықтардың барлығын да үміттендіреді.

«Кеңесте бірлесіп қабылдаған Декларация,—деп жазады «Глос Працы» газеті,—бейбітшілікті шын пейілімен тілеп отырған адамдардың бәріне де маңызды үндеу болып табылады. Бұл үндеу Европада жаңа соғыс бүліншілігіне итермелеуге тырысушылыққа қарсы халықтарды өз мүдделері үшін күресті күшейтуге шақырады. Сонымен бірге Москва Декларациясы тарих тәжрибелері мен халықтардың мүдделерін елемей, бейбітшіл мемлекеттерге тиістілері келетін адамдардың бәріне де тұжырымды сақтандыру болып табылады».

«Европа халықтары,—деген бұдан әрі газет,—Москва Декларациясын герман милитаризміне қарсы күрестегі өздерінің жігерлерін білдіру, баға жетпес көмек беру деп түсінеді».

«Біз бейбітшілікке деген өзіміздің еркімізді білдіре отыра, —деп атап көрсетеді «Глос Працы,»—сонымен бірге бейбітшілікті бұзғысы келетіндерді күнібұрын сақтандыруды тағы да қайталаймыз. Біз мұны бейбітшілікті тілейтіндігіміз үшін істейміз».

# Күштің және топтасқан бірліктің демонстрациясы

РИМ, 4 декабрь. (СОТА). Италияның прогресшіл баспасөзі европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесінің нәтижелерін кеңінен түсіндіруде.

«Унита» газеті өзінің Москвадағы тілшісінің мақаласын басып, былай деп жазған: «Москва Кеңесі демократиялық лагерьдегі елдердің күші мен топтасқан бірлігінің демонстрациясы болды... Бірақ Кеңес европалық проблемаларды шешуге жеткізетін есіктерді жауып тастаған жоқ. Герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларынан бастартудың герман проблемасы жөнінде келісімге жетудің қажетті шарты болып табылатынын конференция айқын көрсетті».

«Паэзе сера» газеті былай деп жазған: «Париж келісімдері бекітілген жағдайда, герман милитаризмін қайта тудыру анағұрлым тікелей қатер төндіретін Совет Одағы мен басқа державалардың үкіметтеріне бір ғана жол —батыстың соғыс блогын құруына өз блогының біртұтас қуатын қарсы қою жолы ғана қалады. Бірақ бұл үкметтер Германияны біріктіру және коллективтік хауіпсіздіктің жалпыевропалық системасын құру проблемасын демократиялық жолмен келісіп шешуге әлі де жету үшін өздерінің бүкіл дипломатиялық және бейбітшілік ресурстарын пайдаланатын ниетінен бастартып отырған жоқ».

# Халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі жолындағы күрестің жаңа кезеңі

БУХАРЕСТ, 4 декабрь. (СОТА). Румын Халық Республикасының жұртшылығы европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесі жұмысының жемісті нәтижелерін қанағаттанып қарсы алды.

Москва Кеңесі, деп жазған «Скынтэйя» газеті басмақаласында, оған қатысқан елдердің көзқарасы толығымен бір жерден шыққанын көрсетті. Кеңесте бірлесіп қабылданған Декларацияны өте зор халықаралық маңызы бар документ деп сыйпаттай келіп, газет одан әрі былай дейді: Европаның халықтары өздеріне герман милитаризмі төндіретін бүкіл хауіпті түсінеді. Париж келісімдері бекітілген жағдайда, бейбітшіл мемлекеттер, мүмкін болатын агрессиядан қорғануды қамтамасыз ету үшін Париж келісімдеріне қол қойған мемлекеттердің соғыс блогының агрессияшыл күштеріне өздерінің біріккен күштерін қарама- қарсы қоюға қажетті шұғыл шараларды қолдануға мәжбүр болады.

...ақ өздерінің қалдырылды.

## ЕГИПЕТТЕ «МҰСЫЛМАНДАР ТУЫСҚАНДЫҒЫ» АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ ТАРАТЫЛУЫ

КАИР, 5 декабрь. (СОТА). Египеттің премьер- министрі Насер былай деп хабарлады: «трибуналдың берген ақылын орындап бастаушы революциялық совет» «мұсылмандар туысқандығы» ассоциациясын тарату туралы қарар қабылдады және бұл ассоциация мүшелерінің қандайының болмасын жұмыс жүргізуіне тыйым салынды».

## АҒЫЛШЫН ҚАУЫМДАР ПАЛАТАСЫНДА

### Черчилльдің орнынан түсірілуін талап ету

ЛОНДОН, 2 декабрь. (СОТА). Германияның қаруландырылуына қарсы дауыс бергені үшін лейбористік партияның парламенттік фракциясынан шығарылған парламент мүшесі лейборист Стивен Дэвис бүгін парламентте қарар енгізіп, онда Черчилльдің премьер-министр қызметінен дереу түсірілуін талап еткен.

Дэвис енгізген қарарда былай делінген: «ұрыс қимылдары онан әрі жүргізіліп, нацистер ағылшын солдаттарын өлтіріп, біздің еліміздің қалаларын бомбалап жатқанда герман қарулы күштерінің қайтадан қарулана алуы үшін, одақтастардың қарулы күштерімен қоян-қолтықтаса отырып, Европадағы нацизмді жоюға ұмтылған Совет Одағы армиясының алға жылжуына қарсыласа алуы үшін өзінің фельдмаршал Монтгомериге герман қарулы күштерінің жеңілуіне байланысты одақтастарға тапсырылып жатқан барлық герман қару-жарағын жиынап қоюды ұсынғандығын премьер-министрдің мойындағанына өкілдер палатасы өзінің өте жиіркенгенін және ызаланғанын білдіреді.

Өкілдер палатасы өзінің мына пікірін білдіреді: премьер -министрдің Англияның әрі соғыстық, әрі азаттық қорларының бәрін адамзаттың тарихында бұрын-соңды болмаған айуандық жасаған нацистік қарулы күштердің қалдықтарымен қатар қоюға әзір екендігі біздің еліміздің алдына мақсат етіп қойып, соған жету үшін күрескен идеалдарына опасыздық жасау болып табылады және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етудің кезек күттірмейтін мәселесі жөнінде ағылшын үкметі ұсынған ұсыныстардың шын пейілмен енгізілгендігіне Совет Одағы мен Шығыс Европадағы халықтық демократия елдерінің не себепті сеніммен қарамай келгенін түсіндіріп береді.

Сондықтан өкілдер палатасы премьер-министрдің дереу орнынан түсірілуін талап етеді».

Дэвистің ұсынысы 2 декабрьдегі парламенттік документтерге тіркелді, бірақ ол талқылана ма, жоқ па деген мәселенің шешілуі парламенттегі екі басты партиялар лидерлеріне байланысты.

...бірте «Энергия» ерікті спорт қоғамының спортшысы Нохриннің басымдылығы айқындала бастады. Ол өзінің алғашқы қарқынын бірқалыпты сақтай отырып, финишке бірінші болып келді. Оның көрсеткен уақыты 53,8 секунд. Нохрин жолдас 3 мың метрлік жарыста да ең жақсы нәтиже—6 минут 3,8 секунд уақыт көрсетті.

Әйелдер арасында жақсы нәтиже көрсеткен Богданова («Динамо») болды. Ол 500 метрлі бір минутта, 1500 метрді 3 минут 13,4 секундта өтті. Жасөспірімдер арасында 500 метрлік қашықтықта бірінші орынды 57,2 секунд уақытпен Бондаренко («Спартак»), ал 1500 метрлік қашықтықта 3,12 секунд уақытпен осы команданың спортшысы Смирнов жеңіп алды. Қыздар арасындағы жарыс «Спартак» ерікті спорт қоғамының командасына тағы да екі жеңіс әперді. Талантты спортшы Р. Меңдібаева 500 және 1000 метрлік қашықтықта бірінші орынға шықты. Жарыстың жалпы қорытындысында командалық бірінші орынды 1347,565 ұпай жиынаған спартакшылар алды. Екінші орынға динамошылар, үшінші орынға спартакшылардың екінші командасы ие болды.

«Локомотив» стадионында бұл күні хоккейшілердің жарысы өткізілді. Жарысқа қатысқан бес команданың ішінде «Энергия» ерікті спорт қоғамы командасының хоккейшілері өздерінің жақсы ойнайтындықтарын көрсетті. Олар бірінші орынды жеңіп алды.

### *Шаңғышылар жарысы*

Қаланың батыс жақ шеткі ауданында ерлер мен әйелдердің, 17-18 және 15-16 жастардағы жасөспірімдер мен қыздардың шаңғы жарысы өткізілді. Жарыс басталар алдында ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары Воинков жолдас шаңғышыларды қысқы спорт маусымының басталуымен құттықтап, олардың жаңа табыстарға жетулеріне тілектестік білдірді. Бұдан кейін ерлер үшін 5 километр, әйелдер үшін 3 километр, 17-18 жастағы қыздар үшін 3 километр және жасөспірім-

...циясының № 47 жетіжылдық мектебінің шаңғышылары жақсы нәтиже көрсетті. Олар екі команданың есебі бойынша жалпы командалық бірінші орынды жеңіп алды. Ал 4х2 эстафеталық жарыста № 44 орта мектептің спортшы қыздары бірінші орынға шықты. Төменгі класс оқушыларының жарысында, әсресе № 47 жетіжылдық мектептің шаңғышылары өздерінің қысқы маусымның ашылуына жақсы әзірленгендіктерін көрсетті.

### *Қысқы маусымды табысты өткізу үшін*

Қысқы спорт маусымының ашылуына арналған жарыстардағы алғашқы көрсеткіштер қала спортшыларының қысқы маусымды табысты өткізе алатындықтарын көрсетті. Көпшілік командалар қысқы спорттың барлық түрлері бойынша едәуір жақсы әзірленген. Бірақ қаламызда физкультура мен спортты өркендете беру үшін әлі де болса жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей отыр. Қаланың партия, совет орындары физкультура коллективтерінің жұмысын жақсартуға үнемі көңіл бөліп қамқорлық жасап отырмайды. Бұған кейбір өндіріс орындары мен оқу орындарының спорт коллективтері қысқы маусымға жеткілікті әзірлене алмағандығы, тіпті кейбір командалардың спортшылармен жеткілікті толықтырылмағандығы айқын дәлел.

Быйылғы жылы ГТО нормаларының жаңа комплекстері бойынша значкистер дайындау жұмыстары спорт коллективтеріне жаңа міндеттер жүктейді. Жаңа комплексте спорттың қысқы түрлері шаңғы, коньки спорттарына да көп көңіл бөлінген. Өндіріс орындары мен оқу орындарының комсомол, кәсіподақ ұйымдары физкультура коллективтеріне үнемі көмектесе отырып, значкистердің қатарын көбейтуге белсене араласулары керек.

**В. ЕКИМОВ.**

**Қалалық физкультура-спорт комитеті председателінің орынбасары.**

Редактордың орынбасары **Ғ. НҰРМОЛДИН.**




**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ИНЕЛІК»**

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ҮЛКЕН СЕМЬЯ»**

Сеанстар сағат 8-30 және 10-30 да басталады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ...шаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

...Ш 02910 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.